

БИЛІК пен БҰҚАРА



**ҰЛТТЫҒЫМЫЗДЫҢ
БАСТЫ
БЕЛГІСІ**

3-бет

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН ТҰЛҒА



**АСЫЛ АҒАНЫҢ
ӨНЕГЕЛІ
ӨМІР ЖОЛЫ**

4-бет

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

**ЖАҢА ЖҮЙЕ
НЕСІМЕН ТИІМДІ?
немесе МИБ пен ЖС не өзгерте алады?**
6-7-беттер

**Ардақты Ұлы Отан соғысының
ардагерлері, тыл ебеккерлері!
Құрметті Қазақстан Республикасы
Қарулы күштерінің сарбаздары және
ардагерлері! Қымбатты әсерлестер!**

Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні және Отан қорғаушы күні мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!

9 Мамыр – әрқайсымыз үшін ерекше қастерлі мереке. Бұл күн жеңімпаз халқымыздың теңдесіз ерлігінің, мызғымас бірлігінің символы болып табылады. Ең ауыр сынақтарда көрсетілген батылдық, рухтың мықтылығы кейінгі ұрпақ үшін Отанға деген риясыз сүйіспеншіліктің өнегесіне айналды.

Біз майдан даласында, партизан отрядтарында ерлікпен соғысқан, тылда ерен еңбегімен танылғандарға зор құрметімізді білдіріп тағзым етеміз. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 млн. 280 азамат қатысты, оның 602 928-і қанды шайқастарда көз жұмған. Сол сұрапыл жылдары Жезқазған, Ұлытау және Жезді комиссариаттары арқылы әскер қатарына шақырылған 12 мың жезқазғандықтың 3071 туған ошағына қайтып оралмаған, 1466 жауынгер ұрыстарда қаза тауып, 1605 хабарсыз кеткен. Аймағымыздың 6 азаматы Кеңес Одағының батыры, 2-і Даңқ орденінің толық иегері атанған.

Бүгінгі күні Жезқазған қаласында майдангер ардагер Иван Кузьмич Артеменко және Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан 372 тыл еңбеккерлері тұрады.

Жауынгер аға буын салған қаһармандық жолды бүгінгі таңда Қазақстан армиясының қатардағы жауынгерлері мен офицерлері лайықты жалғастырып келеді. Олардың арқасында еліміз алдағы уақытта да бейбіт өмір сүріп, қарқынды дами беретініне сенімдіміз.

Құрметті сарбаздар, офицерлер және ардагерлер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің 30 жылдығымен құттықтай отырып, сіздерге егеменді мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан баға жетпес үлестеріңіз үшін шексіз алғысымызды жеткіземіз.

Баршаңызға денсаулық, бақ-береке тілейміз! Осы тамаша көктемгі мерекелер бейбітшілік идеяларының қайталанбас құндылығының көрінісі, жоғары патриотизмнің, бірлік пен татулықтың айғағы болсын!

Мереке құтты болсын!
Қайрат ӘБСАТТАРОВ,
Жезқазған қаласының әкімі.
Абрахман ДОСАНОВ,
Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы.



**Құрметті
қазақстандықтар!**

9 мамырда біз адамзат тарихындағы ең қанды соғыста туған жерін қорғаған әкелеріміз бен аталарымыздың шексіз ерлігі туралы еске аламыз.

Бұл күні біз соғыс және еңбек ардагерлерінің – бәріміз үшін мақтаныштың сарқылмас көзі және шынайы патриотизмнің үлгісі болып қала беретін адамдардың алдында бас иеміз.

Біз қаза тапқандар туралы қайғырамыз және осы күнге дейін өмір сүргендерді құрметтейміз. Олардың жауынгерлік және еңбек ерліктерінің арқасында біз бүгін бейбіт және тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз.

Біздің қасиетті міндетіміз – Отан қорғаушылардың ерлігі туралы естелікті сақтау және құрметтеу, оны келесі ұрпаққа аман-есен жеткізу.

1945 жылғы мамырдағы Жеңіс ортақ мақсатпен біріккен халықтар бірлігінің, достығының және өзара қол салуының символына айналды.

Қазақстанда ең маңызды нәтижелерге бүкіл қоғам топтасқан жағдайда қол жеткізілетінін жақсы біледі.

Осы жылдар ішінде біз қуатты әрі гүлденген Қазақстанды құрдық. Елдің тұрақты және үйлесімді дамуының кепілі – өзара түсіністік, тұрақтылық және бейбітшілік.

Біз тарих сабақтарын ұмытпаймыз, сондықтан ең үлкен құндылық ретінде халқымыздың бірлігін сақтаймыз. Алдағы уақытта да солай болатынына сенімдіміз.

Барша қазақстандықтарды Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға зор денсаулық, бақыт, ұзақ өмір және бейбіт аспан тілеймін!

Бауыржан ШЫҢҒЫСОВ,
«AMANAT» партиясы
«Қазақмыс
корпорациясы» ЖШС
жанындағы
Қарағанды
филиалының
атқарушы
хатшысы.

МАМЫР

**Құрметті Қарулы Күштердің жауынгерлері
мен ардагерлері!**

Сіздерді Отан қорғаушы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Барлық уақытта әскери қызмет қасиетті міндет, әрбір азаматтың ар-намыс ісі, ерлік пен қайсарлық мектебі болған!

Біздің Президентіміз бен ел басшылығы қорғаныс қабілетіне көп көңіл бөледі, өйткені Қазақстанның ұлттық мүдделерін сенімді қорғау және қорғаныс әлеуетін нығайту — елдің тұрақты дамуының, азаматтарымыздың бақуатты өмірінің негізі.

Біз бейбіт жылдары өз өмірін қиын кәсіпке — Отанды қорғауға арнаған және бүгінде аталары мен әкелерінің ісін лайықты жалғастырып, мемлекетіміздің әскери күші мен қорғаныс қабілетін арттыратындардың барлығын құттықтаймыз.

Облыстың барлық тұрғындарын осы тамаша мерекемен құттықтаймын, шын жүректен зор денсаулық, амандық және Отанымыздың одан әрі тың бағдарламаларын жүзеге асыруда табыс тілеймін!

Бауыржан ШЫҢҒЫСОВ,
«AMANAT» партиясы «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС
жанындағы Қарағанды филиалының атқарушы хатшысы.



ЕСТИДІ ДЕГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ БІР ҚҰЛАҒЫ САҢЫРАУ БОЛЫП ШЫҚТЫ

2022 жылдың 3 мамыры Ұлытау облысының туған күні ретінде ел тарихына таңбаланды. Мейлі, мұнысына да шүкір. Іргесі құтты, шаңырағы биік, керегесі кең болсын да, терезесі тең бола алмады. Әділіне бақса болуы керек-ақ еді. Биліктің тізгінін ұстағандар әділіне баға алмады. Қарағанды облысының ұлықтары 9 қала 9 ауданнан 3 қала, 2 ауданын бөліп бергендерін әділдіктің шыңына балап, «Осыған неге разы болмайсыңдар?» деп жан-тәнімен таң қала ренжіп отыр.



1997 жылы қабағын шытпастан қосылған Жезқазған облысының Балқаш, Приозерскдей екі қаласын, Шет, Ақадыр, Ақтоғай сынды үш ауданын жұлқа тартып алып қалғандарын қиянатқа санамай, халық үніне құлақ асқанға балап бетбақтырмауда. Жарайды Ақадыр таратылды. Шет пен Ақтоғай шынында тым қашықта. Онсыз да осыған дейін барлығын атағанмен ең болмаса Балқашты қосып беретін шығар деп үміттеніп келіп едік. Үміттенуге толық негіз де бар болатын. Себебі, Балқаш пен Жезқазған ежелден егіздің сынарындай кәсібі де, кені де, зауыты да, кәсіпорны да бір қалалар ғой. Халықтың сабылатын да жөні жоқ болатын. Өйткені халыққа қызмет ету керек мекеменің барлығы Балқашта қазір де бар. Бірлі жа-

рымы жоқ болса ашып, қалыптастыру облыстың деңгейінде-ақ шешілетін мәселелер еді. Балқаш берілгенде облыс халқының саны 300 мыңға жетіп жығылатын еді. Жетпей жығылды. Жығылмауға амалы да қалмады. Аяғынан шалғандардың қарасы көп болды...

Жарайды облыстың пығылы түсінікті! Қолында тұрған құймақты кімнің бере салғысы келеді? Бере алатын болу үшін тұтас мемлекеттік масштабта ойлана алулары керек болатын... Құданың күдіреті-ай десеіші қызметі мен күзіреті республикалық болса да парасат, әрекеті ауданның деңгейінде қалып қойған басшылар да болатын көрінеді. Бар екен. Естіп, көріп, танып отырмыз.

Енді бір білім келетіні еститін мемлекет екі

тарапты да естуі керек емес пе еді? Ал, естіген соң, әділдіктің таразысына тартпаушы ма еді? Шешімді содан соң ғана шығармайтын ба еді? Олай болмады. Яғни, біздің естиді деп жүрген мемлекетіміздің бір құлағы саңырау болғаны ғой. Әлде бір құлағын әлдебіреулер басып тұрды ма екен? Сұрақ көп те, жауап жоқ. Бірақ ашылмайтын ақиқат болмайды. Ашылады. Сонда мемлекет басшысын халық наразы болатындай шешім қабылдауға итермелеген кімдер екені де белгілі болады.

Ал, әзірге айтарымыз қасиетіңнен айналайын карт Ұлытаудың атынан да, аруағынан да ұят болды деу ғана. Шынында да ұят болды!

Әнуар ОМАР.

БАСПАСӨЗ- 2022



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз.

Жазылуға оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы **(87778902258, Жаннұр Т.)** «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы

АҚПАРАТ АРНАСЫ

Өндіріс саласындағы 200 мыңнан аса адамның табысы артады

200 мыңнан аса қатардағы жұмысшының табысы артады. Бұл өндіріс саласындағы адамдарға ғана түзілген жоспар.

Бүгін Вице-премьердің төрағалығымен халық табысын арттыру жолдары таныстырылды. Ералы Тоғжанов жаңа кәсіпорындар мен тың технологияларды елде шоғырландыруға күш салынып жатқанын айтты. Осы ретте ұлттық компаниялардың жұмысы қайта қаралады. Міне, осы міндеттерді жүртішылдік білуі керек. Бұл бағдарламаларды орындауға барлық министрлік пен бүкіл өңірдегі әкімдер тікелей жауапты.

Елімізде көлік салығын төлемеген азаматтардың есепшоты бұғатталады

Көлік салығын төлемеген азаматтардың есепшоты бұғатталады. Уақтылы төлемегендерге алдымен хабарлама жіберіледі.

Бір айдан асқан соң 3 мың теңгеден көп салық қайтарылмаса, мәжбүрлеп өндіріп алу туралы бұйрық шығады. Борышкердің есепшоты бұғатталады. Одан кейін де берешек өтелмеген жағдайда іс жеке сот орындаушыларға беріледі. Олар негізгі қарыздан бөлек, салықтың 25%-ін қызмет көрсету ақысын ретінде өндіріп алады. Демек көлік несі артық шығынға ұшырайды. Сондықтан Кірістер комитеті салықты уақытында төлеуге үндейді. Қазір халықтың көлік салығына қарызы 27 млрд 756 млн теңгеден асады.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасына 197 млрд теңге бөлінеді

Халықтың табысын арттыру бағдарламасына 197 млрд теңге бөлінеді.

Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов осылай деді. 1 млн-нан аса бюджет саласы қызметкерінің, квазимемлекеттік сектордағы өндірістік қызметкерлердің жалақысы өсіріліні жеткізді. 100-ден аса ірі кәсіпорының жанынан шағын және орта бизнес белдеулері құрылады. «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларының қатысушыларына 1 млн 225 мың теңгеге дейін гранттар бөлінеді.

Машина жасау саласында 20-дан астам жоба іске асырылады

Машина жасау саласында 20-дан астам жоба іске асырылады.

Бұл туралы Үкімет басшысының төрағалығымен өткен саланы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте айтылды. Алдағы жылдары Қазақстанда құрастырылатын автокөліктердің модельдерін көбейту көзделген. Сонымен қатар, бамперлер, орындықтар, көлік шынысы, пластиктен жасалған бөлшектер, шиналар жасауды да ретке келтіру жоспарланған. Кеңес барысында саланың өзекті мәселелері де қаралды. Ауыл шаруашылығы техникасын жасауда өндірістің толық тізбегін құру үшін кәсіпорындар арасындағы кооперацияны реттеу қажет. Әлихан Смайылов импорты алмастыру мен аймақтық нарықтарға экспортты кеңейту үшін әлеуеттің бар екенін ескеріп, салаға жан-жақты қолдау беру қажеттігін айтты.

Ұлттық арна сайтынан

БРИФИНГ

АУЫЛДА АХУАЛ АЙТАРЛЫҚТАЙ

Кеңгір, Талап және Сарыкеңгір селолық округтерінің әкімдері үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Қалалық «Дидар» телеарнасында өткен брифингте халық қалаулылары жыл соңына дейін жоспарланған жұмыстар легін де жіпке тізді.

Бұл жолы ауыл әкімдері жалпылама статистикадан гөрі, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Оның ішінде ауылда инфрақұрылымды дамыту, кәсіпкерлік, туризм салаларын төрге оздыру мәселелері бар. Талап ауылының әкімі Қайрат Бапановтың айтуынша, ауылдың үш көшесіне асфальт төселіп, 400 метрге жуық кәріз құбырына жөндеу жүргізілген. Одан бөлек, Талапқа көгілдір отын тартылып, 145 үйдің 22-сі оның игілігін көруде. Талаптың картобының, қызанағаның дәмін мұндағы ел жақсы біледі. Тіпті Жезқазғаннан еліміздің басқа өңірлеріне қоныс аударған талай тұрғын тандайынан тәтті дәмі кетпеген аталмыш бақша өнімдерін арнайы алдырып тұтынып жүргенін талай көріп те, естіп те жүрміз. Бүгінде Талап

ауылында 30 гектар жер жыртылып, бау-бақша өнімдерін ету жұмыстарына әзірлік жүргізілуде.

Қанаттас жатқан қос қаланың ортасынан орын тепкен Кеңгірге таяуда судай жаңа әкім келгені белгілі. Іске кірісе сала шешімін күткен мәселелердің алғашқысын ауыл әкімі Алматы Саухимов халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Есқұладан тартылған су құбырын іске қосудан бастаған. Айтыла-айтыла жауыр болған мәселенің онынан оралатын сәтін күтуден қажыған мұндағы тұрғындардың үміті де сөне бастағандай еді. Өткен айдың 28-де су құбыры іске қосылып, бүгінде оны орнату барысында орын алған олқылықтар анықталып, қалпына келтірілу үстінде.

Сарыкеңгір селолық округіне келетін болсақ, мұндағы тұрғындар да ай



қарап жатқан жоқ. «Алма піс, ауырма түс» дейтін заманның әлдеқашан кеткені жақсы білетін халық мемлекеттік бағдарламалардың арқасында кәсіп ашып, нәпақасын айыруда. Округ әкімі Ergazy Aimbayevтің айтуынша, жыл өткен сайын Алашахан, Жошыхан кесенесі сынды тарихи орындарға ат шалдырушылар қарасы көбеюде. Осыған орай ауыл тұрғындары осы манайдан ақ шаңқан үйлер тігіп, туристердің демалысына қолайлы жағдай туғызуда. Ұлттық тағамдарымызды кеңінен наси-

хаттап, дәм ауыз тигізуге мүмкіндік жасап отыр. Осы айдың онына дейін тағы 2-3 киіз үй тігіп, келушілерге мейлінше сапалы қызмет көрсету жоспарланып отыр.

Иә, ауылдың ахуалы күн санап артып келеді. Брифингте есеп берген округ әкімдерінің баяндамасын тыңдап, осылай топшыладық. Соңында халық қалаулылары журналистер тарапынан туындаған сауалдарға жауап берді.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ. (МТ)

ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ

Достықты қадірлеп, татулықты ту ету арқылы ырысын арттырып, несібесін молайтқан қазақ халқы пана сұраған кез келген халыққа құшағын кеңінен ашып, қамқорлық танытқан. Міне, соның нәтижесінде Тәуелсіз Қазақстанда 130-дан аса этнос өкілдері тірлік кешуде. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнін барша қазақстандықтар асыға күтіп, шадыман көңіл-күйде қарсы алады. Себебі бұл күн – бақытын бірлікпен тапқан елдің бітімін көрсетер аса маңызды күн.

Пандемия салдарынан екі жыл тоқтап қалған дүбірлі мереке быыл дәстүрлі форматта қайта жалғасты. Елімізді мекендеген ұлттардың ұлттық костюмдерін киіп, Алаш алаңын ән мен биге, жағымды қозғалысқа толтырған мамыражай мамырдың алғашқы күнін жезқазғандықтар да қызыққа толтырды.

1 мамыр күні – қазақстандықтар елдің тұрақтылығы мен өркендеуінің кепіліне айналған достықты, түсіністік пен келісімді бейнелейтін ерекше мерекені атап өтеді. Жынының алғашқы сөзін қала әкімі Қайрат Әбсаттаров алып, мерекелік шараны ашып берді.

– Қазақ елі әлемге өзінің толеранттылығымен, достыққа адалдығымен, мызғымас бірлігімен үлгі болған мемлекет. Сыртқы геосаяси жағдайлар біздің басты құндылықтарымыз – ел бірлігіне, татулығына, бейбітшілігіне нұқсан келтірмеу керек. Достық шаңырағының астында бірнеше ұлт өкілдері бір үйдің баласындай жаңа Қазақстанды бірге дамытуға өз үлесін қосуда. Ал орнықты дамуымыздың ең басты кепілі – тұрақтылықта. Осыны әрдайым естен шығармай, ел бірлігін ажыратуды мақсат еткен әрбір жағдайға тосқауыл болып, қазақстандық патриотизмді, қасиетті Отанға деген сүйіспеншілігімізді жарқын істерімізбен көрсетейік. Бұл жерде азаматтарымыздың белсенділігі

мен жауапкершілігі аса маңызды болмақ, – деген қала басшысы Жезқазған халқын жаңа Ұлытау облысын құру жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесе жұмыс атқаруға шақырды.

Жайдары көңіл күймен жалғасқан жиында қазақ және өзге де ұлт өкіл-



дерінен құралған әдеби қойылыммен жалғасты. Қос ішекті күмбірлетіп, салалы саусақтарынан әсем әуенді әулеткен домбырашылар «Сарық» күйін орындап, жүректерге отансүйгіштік қасиет

шуағын төкті. Одан әрі Т.Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншілер квартеті «Туған ел» әнін шырылды.

Мереке күні бас алаңға отбасымен

келген жандардың бірі – Гүлмира Күлтөлеуова.

– Бірлік күнінде ауа райы да жылынып, төбемізден күн көзі күлім қағып тұр. Бейне қоныр мінезді қазақ халқының мінезін елестетеді. Осындай тамаша күні қала орталығына келіп, мереке күнін қарсы алмағанымызға біраз болыпты. Ұлым да қуанып жүр. Оған осындай әдемі атмосфера, қызыл-жасылды киінген ұлттардың өнері тым қызық. Көкейіндегі сұрақтарын да жолдап қояды. Неде болса, қазақ халқының достық пейіліне риза болудан шаршаған емеспін. Өзге ұлт өкілдері арасында достарым, әріптестерім өте көп. Маған кездескен еліміздегі этнос өкілдері дархан көңілімен есте қалыпты. Еліміздің Тәуелсіздігі баянды да мәңгі болсын деп тілеймін. Ұлттар достығы бар да заман тыныштығы сақтала берері сөзсіз, – деген Гүлмира ханым ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)



– Бұл адам дегенді қойсаңызшы. Айтқанды тыңдаудан қалып барады, – деп кейіді бір танысым. – Жай ма? – деймін гой әңгімеге тартып. – Кеше моншада бір жегіт душтың суын сарылдатып ағызып қойып, өзі босқа әңгіме айттып тұр. – Иімі-ау, ана суды тоқтатып қойсаңызшы. Бұл моншаның суы тоқпен қызады гой десем, – Ақшасын төледім емес пе? Қаниша ағызамын өз еркім – деп бетіме бедірейе қарады, – дейді кейістік танытып...



Былай қарағанда ештеңеге тұрмайтын әңгіме. Ал, астарлай қарасақ, үнем мен ысыраптың арналысын көресіз. Босқа аққан су екі жақты ысырап пен екі жақты шығын әкеліп тұр. Бірі электр қуаты босқа кетіп жатыр. Екіншісі онсыз да сұрауы үлкен – ыстық су босқа шығындальуда. Ең бастысы – біздің азаматтардың бойында прагматизм дағдылары әлі дамымағаны көзге ұрып тұр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасында «Үнем – қоғам қуаты» деген жоба бар. Қазір осы жоба елімізде қызу жұмыс істеп жатыр. Бұл жоба негізінен адамның «стұлғалық даму» бағытын қалыптастыруға бағытталған. Яғни, аталмыш жоба «прагматизм» сияқты сапаны дамыта отырып қаржылық тұрақтылықты қалыптастырып, дені сау, білімді, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар дайындап, олардың бойында өз әлеуетін іске асыруға және құбылмалы әлем жағдайында тез әрекет етуге мүмкіндік беретін бірқатар ұтымды дағдыларды шоғырландырады.

ҮНЕМ – ҚОҒАМ ҚУАТЫ

Үнемділік өмір салтын қазақстандықтардың құндылықтар жүйесіне кіріктіру ресурстарды орынды пайдалану мен бөлуді көздейді. Арнайы дағдыларды игере отырып, қазақстандықтар емделуге жұмсалатын шығынды барынша азайту үшін отбасылық бюджетті жоспарлауды, несие бойынша тиімді мөлшерлемені есептеуді, салауатты өмір салтын ұстануды үйренеді. Прагматикалық көзқарас сонымен қатар мың адам шақырған үлкен тойлар мен ас та төк мол дастарқанмен толтырылған отбасылық мерекелерге қажетсіз шығындардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

«Үнемшілдік пен қарапайымдылықты, қанағатшылдықты пен ұстамдылықты көпшіліктің санасына сіңіру директивалық емес, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде нudge жүйесінің әдістерін қолдана отырып, кедергісіз түрде жүзеге асырылады. Жобаны жүзеге асыру көпшілікке әсер етудің кең ауқымын қамтиды, соның ішінде бейнероликтер, лайфхактар, сұх-

баттар, очерктер және танымал тұлғалар туралы телебағдарламалар, ашық университеттің дәрістері мен оқыту тренингтері OpenU.kz, билбордтар мен ұрандар бар» дейді аталмыш жобаны жүргізушілер. Ал, бұл жұмыстарды негізінен ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мемлекеттік органдармен және ҰЕҰ-мен бірлесіп жүзеге асыруда.

«Үнем – қоғам қуаты» жобасында әлеуметтік мінез-құлықтың өзгеруі, қазақстандықтардың рационалды әдеттерін қалыптастыру, бағдарлама құндылықтарының ашық практикалық мысалдар мен танымал тұлғалар арқылы таралуы кезіндегі тізбекті реакция сияқты нәтижелер күтіледі. Ал, мұндай тізбекті түзілу үшін әрқайсымыз жоғарыдағы әңгімеге арқау болған жайттарды елге айтып, оның кері әсері мен салдарын салмақтай отырып таратуымыз қажет. Сонда ғана жоба өз нәтижесін берері анық.

Ізбасар ОЙБАС. (МТ)

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

СЕНІМГЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында Ата заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізу туралы ұсыныс жасады. Еліміздің бүгінгі мен болашағына қатысты тың бастамаларға жол ашатын бұл саяси маңызды мәлімдеме қоғам тарапынан бірден қызу қолдау тапты.



«Конституцияға түзетулер енгізуді Парламент қарайды деп ойлаған едік. Бұл қолданыстағы заңнамада орныққан рәсімнің бірі. Алайда алдағы ауқымды әрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сондықтан мен Ата заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізуді ұсынамын», – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде.

Президенттің бұл ұсынысы халықтың талап-тілегі мен сұранысынан туындағанын атап өткен жөн. Сондықтан бүгінгі бастаманы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының тағы бір нақты нәтижесі деп қабылдаған да орынды. Шын мәнінде, бұл референдум қолға алынған саяси және конституциялық реформаларды іске асыру жолындағы негізгі қадамдардың бірі болары сөзсіз. Өйткені, Конституцияға енгізілетін өзгерістер мемлекеттіліктің жаңа моделін қалыптастыруды көздейді. Бұл – мемлекет пен қоғамның байланысын бұрынғыдан да жақындата түсетін үлкен мүмкіндік.

Реформа аясында Ата заңымыздың 33 бабына түзету енгізіледі. Яғни, еліміздің ең басты құжатының үштен бірі өзгереді деген сөз. Сол себепті, осындай тарихи бетбұрысты халықтың тікелей қатысуымен жүзеге асыру аса маңызды. Оның үстіне, республикалық референдум өткізу азаматтарымыздың конституциялық құқығы екені белгілі. Сондай-ақ ол бүкіл халыққа ел болашағы үшін ортақ жауапкершілік жүктейді. Осылайша біз ортақ мүддеге жұмылу арқылы нағыз демократиялы және әділетті «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыра аламыз.

Орайы келгенде айта кетейік, бұл біздің елде өткізілгені отырған үшінші референдум. 27 жылдан кейін өткелі тұр. Бұған дейінгі өткен екі референдум да 1995 жылы өтті. Оның алғашқысы сәуір айында өтіп, онда Халық Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттігін ұзартты. Ал, тамызда өткен референдумда ел қолданыстағы Конституцияны бекітті.

Мемлекет басшысы алқалы жиында референдумды «маңызды демократиялық институт» деп атап көрсетіп, Қазақстанда соңғы рет референдум 1995 жылы қазіргі Конституция бекітілген кезде өткенін еске салды. Конституцияға содан бері төрт рет түзету енгізілсе де, референдум әдісі қолданылмағанын да тілге тиек етті. «Референдум әрбір азаматқа ел тағдырын анықтау ісіне қатысуға мүмкіндік береді», деген Президент бұл жүйенің елдің демократияға бағыт алуына ықпал ететінін де атап өтті.

Шын мәнінде, Мемлекет басшы-

сының жаңа Қазақстанды жаңғыртуды конституциядан бастауы демократиялық әділ қадам. Халық өз тағдырын өзі шешеді. Өзі айтқандай, бұл түзетулердің тарихи маңызы бар. Жалпы осы уақытқа дейін түрлі өзгерістер болды. «Елу жылда ел жаңа» демекші қала мен ауыл да, саясат пен мәдениет те, сол сияқты Ата заң да бұған дейін де талай рет өзгерген. Бірақ бұл өзгерістің өні де мәні де ерекше. Өйткені халықпен етене байланысы бар, қарапайым халықтың пікірін сұрайтын өзгеріс. Мұндай шаруалар отыз жыл бойы Парламент қарауына ұсынып, депутаттардың «бір ауыздан» мақұлдауымен келе жатқан еді. Ендігі жерде Конституцияға өзгеріс енгізуді халық таңдауы керек.

Сонымен, сең қозғалды. Енді көп күттірмей, бір ай, жарым айдың мұғдарында жалпыхалықтық референдум да өтіп қалуы мүмкін. Ал, ол референдумда 33 бапқа 56 толықтыру енгізу жоспарланып отыр. 25 сәуірде Конституцияға түзетулер енгізумен айналысып жатқан жұмыс тобы өздері дайындаған өзгертулерді жариялаған. Бұл өзгертулерде 1995 жылы таратылған Конституциялық сотты қайта құру; президентке саяси партияларға мүше болуға, ал оның жақындары мен туыстарына саяси және квазимемлекеттік секторда лауазымды қызмет атқаруға тыйым салу; парламент жұмысы мен сайлау жүйесін өзгерту мәселелері қамтылған.

«Жарияланған бастамалар елдің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымын айтарлықтай өзгерттеді. Оны жүзеге асыру үшін Конституцияның 30-дан астам бабына өзгерістер енгізу қажет. Жыл соңына дейін тағы 20-дан астам заң қабылдау қажет», деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Жаңа Қазақстан: жаңғыру мен жанару жолы» атты Жолдауында.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің елге берген уәдесін орындауға кірісті. Ол осы референдумнан бастау алмақ. Ал, референдумның нақты күні Президент жарлығынан кейін белгілі боламақ. Әдетте референдум, жарияланғаннан кейін 1-3 ай аралығында өткізіледі. Яғни 29 мамыр мен 29 шілде аралығында болуы тиіс. Референдум сайлаушылардың 50 пайыздан астамы қатысқан жағдайда өтті деп есептеледі. Сайлаушылардың 50 пайыздан астамы қолдап дауыс берсе, референдумда қаралған мәселе қабылданады.

Хоош дедік. Қалай дегенде де жалпыхалықтық референдум ел сеніміне серпін беріп отыр. Ал, нәтижесін уақыт көрсетер. Өзірге іске сәт дейміз.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – 30

Мемлекеттік рәміздер – еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші әрі мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі, халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер.

ҰЛТТЫҒЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ

Мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және әрбір мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Рәміздер тарихы алғашқы қоғамдағы тотемге табынудан бастап, кейін түркілер дәуіріндегі көк бөріге табыну, Орта ғасырдағы хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен сабақтасады. Қазіргі кезде еліміздің мемлекеттік рәміздері оның бетке ұстар құжаты сияқты бірегей негіздері мен салт-дәстүрін айқындап көрсетеді. Көп көлемде мемлекеттік биліктің рәміздері кез келген мемлекеттің негізін құрайтын тұжырымдамасы – ұлттық идеяда көрініс табуы тиіс. Ал нақты ұлттық идея тікелей сол халықтың арасында қалыптасады. Соның бірі – мемлекеттің басты нышандары.

Мемлекеттік рәміздер мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем туындысы болуы керек. Жоғарыда айтылғандай, осы нысандар арқылы елімізді тануға және оны бүкіл әлемге танытуға болады, өйткені онда халқымыздың бүкіл бастан кешкен тарихы, бүтіндей мәдениеті жағыр, сондықтан ол отансүйгіштік сезімнің бастау көзі бола алады. Мәселен, елтаңбаны алайық. Елтаңба деген термин ежелгі түркі қағанаты (551-630 жылдар) кезінен бастап қолданыла бастаған. Қазақ тіліне аударғанда «таңба», «белгі», тіпті «мұра» деген мағына береді екен. Біздің Елтаңбамыздағы шаңырақ – өз ұлтымызға ғана тән нышан. Шаңырақ



қай кезде де қазақ үшін отбасының берекесі мен тыныштығының белгісіндей қызмет атқарып келген. Елтаңбамыз еліміздегі барша халықтарды бір шаңырақтың астына шақырып, біздің ортақ үйіміз Қазақстанның мықты уықтарына айналуды үндейді.

Кез келген халықтың тарихында заманында сол халыққа күш-қуат берген, рухын жанып, жігерін шыңдаған музыкалық шығармалары бар. Ол тарихтың белгілі бір уақытында сол жұрттың Әнұранына айналған. Мұндай әндер қазақ халқында да көп. Соның бірі – жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының ауыр тауқыметін көрсетуге арналған «Елім-ай» әні. Бұл ән жоңғар шапқыншылығынан зардап шегіп, қансыраған халықтың қайта ес

жиып, күшеюіне әсер еткен, сол сияқты басқа асыл сезімдерді бойына жинаған керемет ән болды.

Тағы бір рухы биік ән – «Менің Қазақстаным». Бұл шығарма Қазақстан КСРО құрамында болған тұста қазақтың намысын қайрау мақсатында өмірге келді. Ал, қазір Тәуелсіз Қазақстанның әнұраны болып отыр.

Қорыта айтқанда, еліміздің ежелден аңсаған Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен өдет-ғұрпының қайта жаңғыруы, мемлекеттік рәміздердің бекітілуі болашақ дамуға бет алған егемен еліміз үшін ерекше құбылыс. Мемлекеттік рәміздер біздің ұлттығымыздың басты белгісі.

Аманкелді АҚШАЛ. (MT)

ҮЙРЕТЕРІ КӨП БОЛДЫ

Құрылғанына 8 жыл болған «Түркітілдес журналистер қоры» бүгінде ақпараттандыру саласының тәжірибелі маманы Нәзия Жоямергенқызының басшылығымен қанатын кеңге жайып келеді.

Жыл сайын жаңа жобалар жасап, игілікті істерге ұйытқы болып келе жатқан қор журналистер қауымына қолдау танытудан аянған емес. Мұнай мен газды барлау мен өндіруді, оларды өңдеуді, тасымалдауды, мұнай-химиялық өндірісті қоса, мұнай-газ саласының барлық бағыттары бойынша жұмыс істейтін «Chevron» компаниясымен, АҚШ, Түркия елдеріндегі дипломатиялық миссиялармен серіктестіктік байланыс орнатқан қор, әсіресе, аймақтық БАҚ өкілдерінің білім-білігін арттыруға, жас тілшілерді қолдауға айрықша көңіл бөледі. Қостанай қаласында сәуір айының соңында өткен екі күндік «Face news. Fact-checking. Information manipulation» тақырыбындағы семинар-тренингке көбіне жас журналистер қатысты. Бұған дейін Алматы және Шымкент қалаларында өткен семинар БАҚ өкілдеріне жасалған ақпаратты анықтап, халыққа өтірік деректі ұсынбауды үйретуді мақсат еткен. Қостанай қаласындағы жиында еліміздің 12 облысынан 30 журналист қатысты. Тобылдың жағасындағы алқатты астықты өлкеге Жезқазған-Ұлытау аймағынан мен де қатысып қайттым.



Телеарна, газет, радио, сайтта еңбек етіп жүрген жастарды бір арнаға тоғыстырған жоба да есімі елге кеңінен таныс тіс қаққан мамандар Жүлдіз Әбділда мен Халима Тәжіғұл сабақ берді.

– Өкінішке орай, қазір жалған ақпараттар тек еріккеннің ермегі емес, адамдардың өміріне зиян келтіретін жағдайға душар етіп отыр. Фейк-ньос кесірінен адам өлімі орын алған жайттар көбеюде. Тәнертең көзімізді аша сала смартфонға үнілеміз. Сондағы бір гана уатсап желісі арқылы неше тұр-

лі жалған ақпарат келіп тұрады. Оны журналист түгелі кез келген өзге азамат екінші біреуге таратпаса бұрын жүз рет ойлансып, мың рет толғанып, анық-қанығын біліп алуы аса маңызды, – дейді Нәзия Жоямергенқызы.

Екі күнге созылған семинар-тренинг барысында медиа-трениерлер фейк-ньос ті анықтау жолдары, ақпараттық про-вокация, манипуляцияға жол бермеу, ресми және бейресми дерек көздері арқылы мағлұмат алу, журналистік сараптама жасау жолдарын түсіндірді. Сондай-ақ жалған фото мен видеолар-

дың шығу тарихын, оларды анықтау жолдары мен арнайы бағдарламалармен жұмыс жайынан хабар берді.

Бүгінгі қоғамда ақпаратты ресми жауапты мекеме мамандарынан, тіпті Мемлекет басшысының айтуымен таратудың өзі дұрыс емес. Себебі, білік тарапынан халықты толқытпау мақсатында көңіл көншітерілік, яғни, позитивті деректер берілуі бек мүмкін. Пандемиядан кейін пайда болған инфодемия үдерісі де өршіп тұрған бүгінгі кезеңде ақпаратты сенімді өкілдерден, Ұлттық статистика бюросы арқылы тексеруді ұмытпаған жөн. Сол мақсатта статистикамен жұмыс, ақпараттық жеделдік, нақтылық мәселерін үйреткен семинар-тренингте медиа-трениерлер кәсіби біліктілікті арттыратын тапсырмалар мен психологиялық жағдаяттар шешуге мүмкіндік берді.

Семинарда журналистер кем дегенде 2 фейк-ньос ті анықтап, әлеуметтік желілер мен сайттарға жариялады. Белсенділігімен көрінгендер алда ұйымдастырылатын республикалық және шетелдік семинарларға шақырту алатын болады.

Еліміздің әр түпкірінен келген мамандармен танысып, тәжірибе алмасқан іс-шара келелі кеңес, тың тәжірибе, ұмытылмас естеліктермен ойда қалды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 77 жыл толып отыр. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қазақстандықтар да белсенді түрде қатысты. Олардың қатарында жеңіс сағатын жақындатқан жезқазғандықтардың ерліктерін де мақтанышымен айтуға болады. Сондай ардагерлеріміздің бірі – биылғы жылғы туғанына 100 жыл толғалы отырған Қарағанды облысы, Жезқазған қаласының тумасы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Республикасының «Парасат» орденінің иегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы – Қозғанбай Қияқбайұлы ӘБИЕВ.

АСЫЛ АҒАНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ



Қозғанбай Қияқбайұлы 1942 жылдың қаңтар айында 19 жасында Совет Армиясы қатарына шақырылады. Майдан жолы қатардағы жауынгерден басталып, қоғамдық комсомолдық жұмысты белсенде атқара отырып, рота комсоргы болады. Содан кейін саяси құрамды даярлау және қайта даярлау курстарынан өтеді. Әскердегі қызметі 1942 жылдың наурызынан бастап Калининск майданында 114 арнайы атқыштар курсанттар бригадасында басталады. Аталған жылы Кеңес Одағының Коммунистік партиясы мүшелігіне қабылданады. Соғысты қатардағы жауынгер ретінде бастап, оны Шығыс Пруссияда атқыштар батальоны командирінің саяси бөлім жөніндегі орынбасары болып аяқтайды. Калининск облысын, Белорусияны, Литва, Шығыс Пруссияны азат етуге және Жапонияға қарсы соғысқа қатысқан.

1942 жылы Марьино қаласында жаудың ұшақтарын бомбалау кезінде брига-



Өлкетанушы С. Бүкіров, Жезқазған облысының әскери комиссары Базарбаев; КСРО Бейбітшілік қоры Жезқазған бөлімшесінің директоры С. Сарymbaев, ардагерлер кеңесінің төрағасы К. Әбиев

да бөлімшелерімен байланыс үзіліп, бомбалардың жиі жарылуына қарамастан, миналар атылып, оқтың жауып жатқанына қарамай желі бақылаушысы ретінде байланысты дер кезінде қалпына келтіріп отырған. Байланысты жөндеу кезінде оқ атып жатқан фашистік қаруларды, оған қарсы оқ жаудырып, оның көзін жойып, осы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды. Бұл әскери қызметіндегі алғашқы марапаты еді. Одан кейін II-дәрежелі «Отан соғысы», Шығыс Пруссияның Кенигсберг қаласын басып алуда көрсеткен ерлігі үшін I-дәрежелі «Отан соғысы», Қиыр Шығыстағы жапон әскерлеріне қарсы шайқастардағы ерліктері мен сіңірген еңбегі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, оған қоса бірнеше медальдармен марапатталған, оның ішінде: «Фашистік Германияны жеңгені үшін», «Кенигсбертті алғаны үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» және т.б.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары бүкіл өмірін Жезқазған мыс өңірін дамытуға, өндірістік, мәдени-әлеуметтік нысандарды салуға арнады. «Казмедьстрой» трест жүйесінде коммунистік партия комитеті хатшысының орынбасары,

кадрлар және тұрмыс жөніндегі басшысының орынбасары, Алматыдағы төрт жылдық жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Жезқазған қалалық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1962 жылдан бастап кадрлармен нығайту мақсатында трест басқарушысының кадрлар және тұрмыс саласындағы орынбасары, 1989-1997 жылдары Жезқазған облыстық мүдедектер қоғамының төрағасы қызметтерін атқарды. Осы аралықта Қазақстан Коммунистік партиясының Жезқазған қалалық комитеті пленумының мүшесі, Жезқазған қалалық еңбекші депутаттар Кеңесінің депутаты, құрылысшылар кәсіподағының Қарағанды облыстық комитеті пленумының мүшесі, Қазақ кәсіподақ кеңесінің 8-ші съезінің делегаты болып сайланған.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінің қорындағы «Қазақ тілі» қоғамының, Ақсақалдар алқасының мүшесі Саят Жалпақовтың №545 қорының құжаттарында жеке жауынгерлік ерлігі мен сіңірген еңбегі туралы марапаттау қағазынан алынған мәліметі болса, белгілі өлкетанушы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Сүттемген Бүкіровтің №289 қорында өлкетанушының Қозғанбай Әбиевпен әңгімелесу барысы және майданнан Қарсақпай орта мектебіндегі бірге оқыған жолдастарына жазған хаты бар.

Хатында мектепте алған білімінің өмірде пайдасы зор екендігі, оны майдан барысында қолданып жүргендігі туралы, өзінің майданға аттанып бара жатқандағы «жауды жоямын» деген уәдесі жолында жанын сала шайқасып жүргендігі жайында, Отаны үшін, туған жері үшін азаматтық жаны пиде екендігі туралы, осы шайқаста «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталғанын және оларға жақсы оқып, Отанымызды қорғауға дайын болу керектігі жайында кеңес берген. Бұл хат 1943 жылғы 2 наурызда аудандық

«За медь» газетінде жарияланған.

Қозғанбай Әбиев өзінің өмір жолы туралы айта келе, «Бейбіт уақытта менің өмірім «Казмедьстрой» тресімен тығыз байланысты болды, онда Жезқазған облысының маңызды өнеркәсіптік объектілерінің құрылысына, әсіресе Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалаларының, Жәйрем кентінің қалыптасуы мен дамуына қатысуға тура келді. Мен өз тағдырыма ризамын. Ол жастарға үлгі бола алады деп ойлаймын», – деп ағынан жарылған екен.

Қозғанбай Қияқбайұлының әскери қызметі мен еңбек жолы бүгінгі жарқын өміріміз үшін патриотизмнің, ерліктің үлгісі болып табылады. Еліміздің тарихында, жалпы әлем тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Отанымыздың жарқын болашағы үшін өз өмірлерін қиған батырлардың ерлігі ешқашанда ұмытылмайды.

Г. ТУСУПОВА,

«Құжаттарды ғылыми пайдалану, жариялау және мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімінің архивісі.

ШЫНБОЛАТ ДІЛДЕБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 85 ЖЫЛ



«Сырда туып, қырда өстім» деп жырлаған, сан сөз сайысында Жезқазған облысының намысын қорғаған, бір ғана «Шындық туралы» толғауының өзі еліміздің түпкір-түпкіріндегі өнер сүйер қауымның жүрегіні жасулаған өзі кенші, өзі жыршы-термеші, айтыскер ақын – Шынболат Ділдебаевтың Ұлытау өңірінің өнерін дамытуда еңбегі зор екенін көпшілік қауым жақсы біледі. Кезінде Ақтөбе мен Жезқазған арасында өткен республикалық айтыста: «Ақтөбені білсе білер барлық жұрт, Жезқазғанды Галактика біледі» – деп мысты қаланың

мерейін өсірген ақынның туғанына биыл 85 жыл толып отыр...

БЕЙБАСТАҚ ЗАМАННЫҢ БҰХАРЫ БОЛҒАН

Шынболат ақынды еске алу кеші өтті

Осынау мерейтойға орай Ұлытау-Жезқазған өңірінде ақынның өмірі мен шығармашылық жолдары жайлы айшықты шаралар өту жоспарланған. Соның бірі аптаның басында Сәтбаев қаласындағы Ш.Ділдебаев атындағы мұражайда «Шындықтың шарболаты – Шынболат» деген тақырыпта өткен еске алу кеші. Оған Сәтбаев қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мұрындық болды. Кешті Шынқеннің інісі хәм ізбасары, ақын, журналист, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абдолла Дастанов ашып, жүргізіп отырды.

Әр заманның өзі өмір сүрген ортасының тамыршысындай оның ты-



ныс-тіршілігін дөп басып, кемшін тұстарын толтыру мен кеселінен арылтуда жарғақ құлағы жастыққа тимей, шыр-пыр болып жүретін жан-дары болады. Шынболат Ділдебаев та өз заманының сондай емшісі еді. Ол қоғамға жабысқан кеселді жырымен сылып тастаймын деп, халқының бойына рух ұялатып, намысын оятамын деп қолынан қаламы мен қарағай домбырасын тастамай өтті. Соңында өшпес із, өлмес мұра қалды. Бір ғана «Шындық» толғауы үшін оны елі «Шындықтың шарболаты» деп атап кетті. Міне, биыл сол ақын, жыршы, термеші, жырау, бір сөзбен айтқанда сегіз қырлы, бір сырлы дара тұлғаның өмірге келгеніне – 85 жыл толып отыр.

– Жыл сайын, Шынболат ағамыздың туған күніне орай еске алу кешін өткізу дәстүрге айналды. Биыл да ол іс өзінің жалғасын тауып отыр. Бірақ, биылғы жылғы кеш ерекше кеш. Бұл дара тұлғаның туғанына 85 жыл толуына орай өтіп отыр. Сондықтан да оның ауқымы да кең, айтылар өңіменің тақырыбы да алуан болмақ, – деп кешті ашқан Абдолла Дастанов бүгінгі алқалы жиынға келген аймағымыздың айтулы азаматтарын таныстырып өтті.

Орайы келгенде айта кетейік, еске алу кешіне Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі бүгінгі әдебиет пен мәдениеттің марқасқалары – Батырбек Мырзабеков, Ғалым Мұхамедин, Ғазиз Ештанаев, Кенжебай Ахметов, Мұса Тілеуов, Яхия Асатов, Әнуар Омар, Мұқаш Сейітқазы, Бақыт Тұрсынұлы қатысып, төрден орын алды.

Кештің шымылдығын Шынқеннің бала жастан бірге өскен досы Яхия Асатов ашып, балалық балғын күндерге саяхат жасап, Шынболат досын ұмытпай, ұмыттырмай келе жатқан ақынның жары Гүлсара Қоңырбайқызына, оның ұсынстарын қолдап, жанашырлық танытып келе жатқан қала әкімдігіне, қалалық мәдениет

бөлімінің ұжымына алғыс сезімін білдірді.

Армансыз жан болмайды. Аузына елді қаратқан, жырымен жұртты жұбатқан, басыны да, қосшыны да бас шұлғыта алатындай қарымы мен қабілеті бар Шынқеннің де арманы көп еді. Соның бірі өңірде ақындар, жыршы-термешілер мектебін ашу болатын. Ол жайлы қасында жүрген замандастарына да, ізбасарларына да талай рет айтқан-ды. Өкінішке орай қамшының сабындай қысқа ғұмырында ол арманына жете алмады. Бірақ, соңында қалған жары, ізбасарлары ақынның ол арманын жүзеге асырды. Кеншілер қаласында ақын, жыршы, термеші, жырау – Шынболат Ділдебаев атындағы ақындар мектебі де, мұражайы да ашылды.

Ақындар мектебіне ең алғашқы болып ақын Ғалел Жәнібеков жетекшілік етті. Сол тұстарда аймақтық, республикалық айтыстарға қатыстындай қарым-қабілеті бар жастар тәрбиеленіп, арда өнердің жалына жармасты. Олардың көбі кейін елге танымал айтыскер ақындар қатарынан орын алды. Ағайынды Жанбол, Өміржан Көпбосыновтар, Мейіржан Әлібеков сынды жастар соның айғағы.

Сәтбаев қаласына Әнуар Омар әкім болып келген жылдарда ақындар мектебінің ауқымы кеңейіп, ол жерде аймақтық жыршы-термешілер және ұлттық өнер орталығы ашылып жұмысын бастаған еді. Бүгінде осы ордалы ортаның тізгінін аймағымызға белгілі ақын – Ізгілеу Түсіп ұстап отыр. Айтулы кешке өзінің арнауымен келген Ізгілеу бауырымыз да қоныр домбырасын қолға алып, Шынболат ағасындай жырдан шашу шашып, ақжарма тілегін жолдады.

Еске алу кеші керемет өтті. Кереметтігі сонда, бұл күні Шынқенді ел бірнеше қырынан таныды. Ғалым Мұхамедин ағамыз ақынның өзінің қалыңдығын айттыра барған ұзату

тойын өзі басқарғанын айтса, Батырбек аға 60 жылдық тойының соңында «талай мәрте той басқарып жүргенде өз тойымды өзім бір сөз басқармау асабалық атыма сын болар» деп Бағадан рұқсат алып, тойдың соңын өзі түйіндегенін, Ғазиз Ештанаев Шынқеннің аламан айтыстарға қатысқан кездерінде қалай жанқүйер болып, ағынды жырларына елдің қалай айызы қанғанын айтып, сол бір сағынышқа айналған сағым жылдарды еске түсірді. Мұқаш ақын мен Әнуар ақын Шынқенмен бірге қатысқан айтыстарды еске алды.

Осы кеште елді елең еткізетін тағы бір әңгіменің куәсі болды. Оны бізге аймағымыздағы ақпарат саласының ардагері, кезінде облыстық радио хабарларын тарату редакциясында қызмет еткен Бақыт Тұрсынұлы ағамыз айтты. Бәкеңнің қызы мектепті орысша оқып бастап, кейін қазақ сыныбына ауысқан екен. Оның қазақшаны тез үйренуіне, тілдің құдіретін сезінуіне Шынболат ағаның өлең, жырлары зор септігін тигізіпті. Тіпті, ақынның өлеңдерінің арқасында Англияда тіл дамыту курсында оқып, қазақ тілі мен ағылшын тілінің арасындағы кейбір байланыстар мен ұқсастықтарды зерделеп, соның нәтижесінде жоғары балға ие болған. Кейін бұл жетістіктер баланың қызмет бабында жоғарлауына да үлкен ықпалын тигізіпті.

Жиында сөз алған ақын, жазушы, аудармашы Кенжебай Ахметов Шынболат Ділдебаевтың осындай даралығы мен даналығы оның төккен мандай тері мен еткен адал да тынымсыз еңбегінің арқасында келгенін, ақын өзі шыққан биіктердің бәріне тек өзінің табандылығы арқасында шыққанын айта келіп, бүгінгі дайын асқа тік қасық болғысы келетін жастарға бұл үлгі, сабақ болуы керек, сондықтан осы әңгімелердің бәрі елге жететіндей айтылуы, жазылуы қажет деп түйіндеді сөзін.

Еске алу кешінде ақынның бүгінгі ізбасарлары Мағзұм Қожақметов, Жақсылық Омаров, Зейнеп Әбілбекова, Мәди Олжабай, Ахат Құрмансейіт, Сабыржан Тембаев және Шынқеннің жиегі Әбулхайр Мулаков, Ш. Ділдебаев атындағы мәдени-сауықтыру орталығының басшысы Индира Қанафина сөз сөйлеп, жырларына оқып, ақжарма тілектерін жеткізді.

Жиынды ақынның зайыбы Гүлсара Жиеналиева қорытындылап, кешке жиналған елге, тамаша естеліктер айтып, алқалы жиынды атына сай өткізуге атсалысқандары үшін алғысын айтты.

Бұдан соң жиналған қауым «Бақдәулет» мейрамханасында жайылған дастарқанда болып, Шынқеннің рухына құран бағыштады.

Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ.

Сәтбаев қаласы.

АҒАМДАЙ БОЛҒАН АЗАМАТ ЕДІ...

«Өзі жақсы жегітке қайда да болса екі кісілік орын табылады» дегенді айтқан бабаларымызды данышпан демегенде кім дейсің енді! Сан түрлі салада басымылық жасай жүріп, ағайынның ортасында ардақты, достарының арасында құрметті, жарына пана, балаларына үлгі азаматтарды аз кездестірген жоқпын. Солардың бірі әрі бірегейі Сырда туып, қырда түлеген Бостан Абатұлы РҮСТЕМБАЕВ еді.

Кеше ғана әкем Көдейден бір-ге туған бауырымдай болып, қатар жүріп сыр ашысқан Бостекен туралы өткен шақпен сөйлеу жүрегіме оқтай тиіп-ақ тұр. Бірақ, амал қанша. Пенденің әр күні – санаулы. Өмірі – өлшеулі. 1969 жылы Жезқазғанның дәмі тартып әулетімізге күйеу, Серік ағам екеуімізге жезде болып келген Бостан Абатұлы аңқылдаған ақ көңілі, турасын айтар мәрт мінезімен шамалыдан соң туған ағамыздай жақын болып кетті. Апамыз Сара екеуі ару қала Алматыда жоғары оқу оқи жүріп танысып, табысқан соң Бостекен қарашаңырақ Қарсақбайды да, жез дариясы Жезқазғанды да жатырмай өзі туған Діңірендідей жақын көре алды. Мысты шаһардағы политехникалық институттан екінші мамандығын да алып, инженер-механик болып еңбек жолын бастады. Сол кезде жаңа өндіріс ошағы ретінде атағы жер жарып тұрған Жәйрем кен-байыту комбинатына қарасты автобазаның директоры бола жүріп, 1983 жылы Жезқазған автобустар паркінің жолаушы тасымалдау бөлімінің басшысы қызметіне ауысып келді. Одан әрі Шығыс, Оңтүстік кеніштерінде түрлі басшылық қызмет атқара жүріп «Қазақмыс» корпорациясының еңбекті қорғау басқармасына қызметке шақырылған еді. Және ол осы салада зейнеткерлікке шыққанша абыройлы да жемісті еңбек етті. Сәтбаев және Жезқазған қалаларының Құрметті азаматы атағы берілгені осы сөзінің айқын дәлелі деп ойлаймын. Адам Сара Көдейқызы екеуі 1989 жылы отбасын құрып 52 жыл тату-тәтті отасты. Осы жылдар ішінде олар төрт



қыз, бір ұлдың ата-аналары атанды. Айгүл, Динара, Мәдина, Ботакөз, Темірлан сынды ұл-қыздары қатарынан қалмай Англия, Пекин сияқты әлемде танымал астаналардағы білім ордаларын бітіріп, әр салада Қазақстанның дамуына үлестерін қосып жүр. Сара апамыз болса металлург мамандығын алғаннан соң Жезқазған құю-механикалық зауытында 40 жыл табан аудармай еңбек етті. Еңбегі жанып түрлі деңгейдегі басшылық қызметтер атқарып, елге қадірлі, абыройлы өмір сүріп келеді. Міне, осындай отбасының асқар таудай отағасы бола білген Бостекенді әр күн сайын құрметпен еске алып келеміз. Ағамыздай жақынымызға айналып, сыйласа білгені соншалықты, кезінде Қарсақбай, Жезқазған жұрты Бостанды Көдейдің тұңғышындай көргені шындық. Азаматқа тән аңқылдаған жайдарылығы, айтқан сөзінде тұра алатын мәрттігі, еркінділігі оны ортасында сыйлы етті. Ол өзі де сыйлай алды, өзін де сыйлата білді.

Әкесі Абат пен анасы Сырғаның ғұмырлары қысқа болғанымен Аман, Сапабек, Әнуар, Мұсабектей бауырларының арқасында Бостан жетімдіктің зіл салмағын қайыспай көтере білді. Өзі де жетім көрсе жебей жүрді. Өмірден өткеніне жыл өтіп отырғанда ағамдай болып кеткен асыл азаматты еске алып, бір ауыз естелік айтқанды жөн көрдім. Оны біз ғана емес, өзі туған Сыр өңірінің азаматтары да аса қадірлеуші еді. Бостекен бақилық болғанда сыйлас інісі Шамшадин барлық ағайын-туыстарының атынан қабырғасы қайыса тұрып қазанама жыры арнаған екен. Сол бауырларының ықыласын қоса ұсынып отырмын.

Амантай МАМАХОВ.

ҚАЙРАН БОСТАН, ҚЫРАН АҒА!

Өмірден Бостан аға дарын өтті, Қоғамға күш-жігерін сарп етті. Жеткенде суық хабар арқамызды, Ақпанның аязындай қарып өтті.

Азамат болатұғын өте батыл, Жалғыз ұл болсадағы мыңға татыр. Тайбурыл шауып өткен секілденіп, Артында өшпейтіндей ізі жатыр.

Бар еді көп қасиет бір өзінде, Мол еді имандылық жүрегінде. Арқада тамыр жайып қалғанменен, Жүрегі болатұғын Сыр елінде.

Қуанса қанаттанып кететінді, Сөздері ағайынға өтетінді. Шақыру келе қалса туған елден, Артының, тартынып тез жететінді.

Қалтырап дүниеге тарылмаған, Болатын өте мырза дарылдаған. Қазақы салт-дәстүрді берік ұстап, Жолынан ешқашанда жаңылмаған.

Ағамыз өнері көп жан-жақты еді, Сабырлы, салиқалы, салмақты еді. Шынболат ақынның да ақылшысы, Білгірлік, шешендікпен ардақты еді.

Сарасы қолға қонды ақ құсы боп, Келіннің маңдай алды жақсысы боп. Бәйбіше бола білді елге үлгі, Бостанның басындағы бақ құсы боп.

Сөз етсек асыл жеңге Сарамызды, Бір ауыз сөзбен берсек бағамызды. Ақыл-ой, келбетіне сүйсінеміз, Көргендей би Фатима анамызды.

Өрдайым жарап жүрген күнімізге, Сүйеу болған біріміз бірімізге. Дейтұғын Бостан аға, Ризамын, Амантай жаны таза інімізге.

Өмірде көп дүние жинамаған, Дос-жаран, жора-жолдас жиған адам.

Бола ма артық байлық дейтін еді, Айгүл, Бота, Мадина, Динарадан.

Қол жайып Жаратқаннан сұрап едім, Болсыншы деп артымда мұрагерім. Азамат болды енді білім алып, Дейтұғын Темірланым, құлагерім.

Мәрт еді, досын ешбір сатпайтұғын, Азамат атын таза сақтайтұғын. Ұжымда өте іскер маман еді, Іздеген ісінен мін таппайтұғын.

Елге кеп аралайтұғын бабаларын, Шомылған дария, өзек, жағаларын. Достарын, туыстарын ел жақтағы, Елтай аға бастаған ағаларын.

Қаймығып ешкімдерден ықпайтынды, Пенденің көңілін бір жықпайтынды. Көңілі көтеріліп келген кезде, Төркіндеп келген қызға ұқсайтынды.

Ағайын айтатұғын басынасын, Есімі тарихқа жазылатын. Айырдық, әттеген-ай әкетті ажал, Ақылдың таусылмас кен, қазынасын.

Мәңгіге келді еліне сүйікті ұлы, Көкейге алыңыздар түйіп мұны. Арқадан ұшақпенен әкелгені, Бөкеңнің беделінің биіктігі.

Жүрегің езілгенде жыр келеді, Қалғанның берік болсын іргелері. Бостандай асыл аға шын мәнінде, Өмірге бір ғасырда бір келеді.

Жақсыдан жақсы деген ат қалады, Еңбегі ұрпағынан ақталады. Өмірге бір келетін бөлек тұлған, Мәңгілік жадымызда сақталады.

Інің – ШАМШАДИН.

Қызылорда қаласы.

27.07.2021 ж.

АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАРАЖАЛ ҚАЛАСЫ

ПАТРИОТТЫҚ РУХТАҒЫ КЕЗДЕСУ

Қаражал қаласының жастар ресурстық орталығы мен қаланың қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бірлесіп өткізген «Мен болашақ жауынгермін» деген кеш шын мәнінде патриоттық рухтағы кездесу болды.

Отан қорғаушылар күніне орайластырылып өткізілген бұл іс-шараға әскер қатарына аттанғалы тұрған болашақ жауынгерлер мен әскери борышын өтеп келген жастар арнайы шақырылды.

Кешті Қаражал қаласы әкімінің орынбасары Дәурен Джакупов пен Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы, подполковник Қанат Омаров ашып, болашақ жауынгерлерге ажарма тілектерін жеткізіп, сәт сапар тіледі.

Орайы келгенде айта кетейік биыл Қазақстанның қарулы күштеріне – 30 жыл толып отыр. Тәуелсіз еліміздің қорғаны, әрі берік

қалқаны болған қарулы күштеріміз осы отыз жылда заман талабына сай дамып, әлеуеті артты. Жауынгерлік даярлық жылдан жылға ыңғайдалып, техникалық әлеуеті де нығайды. Солардың қатарын енді бір топ қаражалдық азаматтар толтыруға аттанғалы тұр.

Кездесуде әскери хәм өмірлік тәжірибесі мол азамат Нұрғали Баянов інілеріне өзінің ағалық ақылын айтып, ел қорғау ісін аманат етіп тапсырса, болашақ жауынгердің атасы Қойшыбай Хабдуллин ақ батасын берді. Ал, әскерге шақырушылар атынан сөз алған Алтай Жақсылық өздерінің Отан алдындағы азаматтық борыштарын абыроймен орындайтындарын жеткізді.

ЖӘЙРЕМ КЕНТІ

ӘКІМ ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жұырда Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағимов №30 жалпы білім беретін орта мектепте болып, оқушылармен кездесті. Кездесу «Балалар жылына» орайластырылды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үстіміздегі жылды «Балалар жылы» деп жариялап, онда балаларды қорғау мақсатында алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру салаларында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін қадап айтқан болатын. Кент әкімінің келелі кездесу өткізуі де Президенттің осы тапсырмасын орындаудың бір парасы іспетті болды.

Кездесуде мектептің мақтанышы, түрлі спорттық және өнер байқаулары мен пән

олимпиадаларында жүзден жүйрік шығып жүрген дарынды оқушылары қатысып, өздерінің өнерлері мен жетістіктерін көрсетті.

Оқушылардың өнеріне тәнті болған әкім Қайрат Амангелдіұлы да өзінің оқушы кезін еске түсіріп, мектеп қабырғасындағы жатпаған өлеңін айтып берді.

Кездесуде оқушылар кент әкіміне өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды. Келелі кездесудің соңында оқушылар әкімге жылы лебіздері жазылған стикерлер сыйлады.

ЖАҢААРҚА АУДАНЫ

КӨШ-КЕРУЕН ҰЛЫТАУҒА БЕТ АЛДЫ

Мамыр айының басында жазиралы Жаңаарқадан шыққан көш-керуен ұлт ұясы – Ұлытауды бетке алды. Керуен басы қазақ елінің қазіргі дәуірдегі сал-серілік өнерін жалғастырып, жаңаарқалық азамат Қайсар Сейітшинов. Керуен «Балалар ізімен» атты жобасы аясында жолға шықты.



Қайсар сері Жаңаарқадан Ұлытауға дейінгі 555 шақырымдық жолды жүйткіген көлікпен емес, қазақы арда арғымағымен бағындырмақ. Өзімен бірге керуенде – қазақтың киіз үйі мен өзге де құнды жәдігерлерін, құмай тазы, қыран бүркітін сайлап шыққан. Орайы келгенде айта кетейік, «Балалар ізімен» жобасының басты мақсаты – ұмыт қалып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, кеңінен насихаттау болып табылады.

Баласы бәйгеге шапса үйде отырып тақымын қысатын халықтың ұрпағымыз ғой! Жерлестері Қайсар серіні үлкен сапарға «Алла жолын оңғарсын!» деп ақ батасын беріп, ақ боз атқа отырғызып шығарып салса, жолай ауыл үстінен өтіп бара жатқан керуенге жөнгелеріміз шашу шашып аялдатып, аты суығанша сары қымыз бен бауырсақ ұсынып ептеп әлдендірген жайлары бар. Жол жөнекей, мына шараға көзі де, көңілі де тойып, марқайған көкірегі шежіреге толы көнекөз дана қарияларымыз керуеншілерге ескідегі әңгімелерімен бөлісіп, бата беріп, сәт сапар тілеп жатқан көрінеді.

Топтаманы әзірлеген Ізбасар ОЙБАС.



Жетекшісі –
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ



2020 жылдың 7 қаңтарынан бастап тұрғын үй басқарудың қалыптасқан жүйесі бұзылды. Бұрын көппәтерлі тұрғын үйді басқарудың төрт формасы (пәтер иелері кооперативі, кондоминиум нысандары, басқарушы компаниялар мен басқа да формалар) болса, енді ол екеуге қысқарды. Яғни, «Қазақстан Республикасының Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес, мұндай үйлерді басқарудың екі формасы енгізілді. Олар – мүліктегі меншік иелері бірлестіктері (МИБ) мен жай серіктестік (ЖС) құру. Елдің барлық аймақтары осы жаңа жүйеге көшуді бастап кетті. Ал, бұл іс қанаттас жатқан қос қалада қалай қолға алынып жатыр? Бастамасы қандай? ПИК-тер мен өзге де құрылымдардың, жалпы тұрғындардың бұған көзқарасы қандай? Бүгінгі әңгіме осы сауалдар төңірегінде өрбімек.

Сонымен, жаңа жүйе күшіне енді. Аталмыш заңның басты бағыттарының бірі – «Бір үй – бір бірлестік – бір есепшот» қағидаты бойынша жұмыс істеу. Мамандардың айтуынша, тұрғын үй қатынастары саласындағы мұндай реформалар азаматтардың қазіргі қолданыстағы тұрғын үй басқару жүйесінің жұмысына деген шағымдары мен наразылығынан туындаған. Ендігі жерде, әр үйдің тұрғындары өз алдына жеке пәтер иелері бірлестігін немесе жай серіктестік құра алады. Ол үшін тұрғындардың елу процентін астамы қатысқан жалпы жиналыста бір жылға төрағаны немесе сенімді тұлғаны, үй кеңесін, 3 жылға аудитор сайлау үшін дауыс береді. Ал, 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін басқарудың барлық ескі нысандары техникалық, қаржылық және басқа құжаттарды жаңадан құрылған меншік иелері бірлестігі мен жай серіктестікке беріп, жұмысын тоқтатуы тиіс. Осы жерде «Бұл жаңа жүйе несімен тиімді? МИБ пен ЖС не өзгерте алады?» деген заңды сұрақ та туындары сөзсіз. Осыны талдап, тарқату үшін біз қанаттас жатқан қос қаланың тұрғын үй инспекциясы мамандары мен құзырлы орындардың өкілдерін және жаңа жүйені қолға алған азаматтардың басын қосып «Сіз не дейсіз?» деген дәстүрлі сауалымызды ортаға тастап отырмыз.

Алдымен, әдеттегідей клуб қонақтарын таныстырып өтейін. Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты – Раушан ҚАПАРОВА, Сәтбаев қалалық қоғамдық кеңестің төрағасы – Марал МӘДИЕВА, Жезқазған қалалық тұрғын үй инспекциясы басшысының міндетін

атқарушы – Нұрек АУЕЗОВ, Сәтбаев қалалық тұрғын үй инспекциясының басшысы – Жадыра СЕЙІЛОВА, Сәтбаев қаласындағы «Комфорт» меншік иелері бірлестігінің төрағасы – Рахат КӨПБАЕВ, Жезқазған қаласындағы жай серіктестік төрағасы – Гүлжанат ҚҰЛМАҒАНБЕТ және Сәтбаев қаласындағы «Қайсар» пәтер иелері кооперативінің төрағасы – Дулат СЫЗДЫҚОВ орамды ой, пайымды пікірлерін айтамыз деп келіп отыр. Қош келдіңіздер дейміз.

Әңгімеміздің басында айтып өткеніміздей, бүгінде көп қабатты үйлерді пәтер иелері кооперативі (ПИК) басқарады. Бірақ, тұрғындар тарапынан оған шағым көп. Өйткені, 15-20 үйді қарамағына алған ПИК тұрғындардан жөндеу жұмыстарына деп ақша жинайды, алайда ол қаражаттың нақты қайда жұмсалып жатқанын ешкім білмейді. Сондықтан, адамдар «жиналған қаражат қайда, үйіміз неге жөнделмей жатыр?» деп шағым айтады. Оның үстіне, мемлекет ПИК жұмысына араласа алмайды. Сондықтан, тұрғын үй қатынастарын реттеу үшін жаңа заң қабылданды. Сөйтіп, қанаттас жатқан қос қаладағы көппәтерлі тұрғын үйлерді басқарудың формасы өзгереді. Жалпы, бұл жұмыстарды жүргізу үшін үш жыл мерзім берілген. Нақтырақ айтқанда, 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап пәтер иелері кооперативтері мен кондоминиум нысандары өз жұмысын тоқтатады. Осы аралықтағы жұмыс қалай жүргізілуде? Әңгімені осы тұрғыдан өрбітсек.



Раушан ҚАПАРОВА,
Жезқазған қалалық
мәслихатының депутаты

ЖАҢА ЖҮЙЕГЕ КӨШУ БАСТАЛДЫ

– Хоош. Сең қозғалды. Жұмыс басталды. Әрине, қарқыны қатты дей алмаймыз. Бірақ, бір орында тұрған да жоқ сияқтымыз. Жұмыстың бұлай баяу жүруі біздің жаңаға жатырқай қарайтын әдетімізден болуы да мүмкін. Сондықтан оны елге жете түсіндіру қажет. Елдің ең әуелі білгісі келетіні бұл жаңа жүйе бұрынғыдан несімен ерекшеленеді? Нұрек Мақсұтбекұлы, әңгімені сіз бастаңызшы. Бұл жәгім Жезқазған қалалық тұрғын үй инспекциясы басшысының міндетін атқарушы ретінде Сіз бастаңызшы.

– Саламатсыздар ма, пікір-сайысқа қатысушылар. Бөлім бастығы кезекті еңбек демалысында болғандықтан, мен уақытша міндетін атқарып отыр едім. Сұрақтарыңызға орайлы жауаптар бере алмасам кешірім сұраймын.

Ал, енді, жаңа жүйе несімен ерекшеленеді дегенге келейін. Жаңадан қабылданған заңға сәйкес, әр көп қабатты үйлерде меншік иелерінің бірлестігі (МИБ) құрылуы қажет. Бұл тұрғындар тарапынан жиналған қаржының қайда жұмсалғанын көрсететін ашықтықты қамтамасыз етеді. Ол үшін әр көп қабатты тұрғын үйдің банкте екі шоты – ағымдағы және жинақ шоты болады. Ал, пәтер иелері кооперативінде 15-20 үйге бір шот ашылады. Тұрғындардың ақшаның нақты қайда жұмсалып жатқанын біле алмайтыны сондықтан. Сонымен, пәтер иелері бірлестігінің ағымдағы шот қаражаты ағымдағы жөндеу жұмыстарына арналады. Слесарь, сантехник, дәнекерлеушінің еңбекақысы осы шоттан төленеді. Ал, жинақ шот қаржысы, мәселен, 5-10 жылда бір рет жасалатын күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалады.

– Жақсы, рақмет. Осы сауалдың жауабын Сәтбаев қалалық тұрғын үй инспекциясының басшысы Жадыра Сейілова жалғаса. Жадыра ханым сіз не дейсіз?

– Саламат барсыздар ма?! Пікір-сайыс клубына келгеніме қуаныштымын. Бүгін өзекті мәселе талқыланғалы отыр екен. Өте орынды. Шын мәнінде бұл жұмысқа түсіндірме, насихат әлі де керек. Әлігіңде әріптесім жақсы айтып өтті. Заң бойынша әрбір көппәтерлі үйде бірлестік құрылып, арнайы есепшоттары болады. Бірлестікті басқаратын жетекші жұмысты сервистік компаниялар арқылы келісімшарт жасаса отырып атқарады. Бұрынғыдай, яғни пәтер иелері кооперативінің жұмысы сияқты он үйге бір есепшот болмайды. Мұның барлығы – жұмыстың барынша ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған шара. Себебі бізге келетін тұрғындардың 90 пайызы «бізде ашықтық жоқ» деп шағымданады. Міне, басқарудың жаңа формасы сол үшін жасалып жатыр. Ең бастысы – меншік иелері өздері тұратын көппәтерлі үйлердің жағдайын бұдан әрі өздері реттеп, бақылайтын болады. Үйдегі мәселені өздері шешуі керек. Яғни, әр үй өздерінің есепшотын ашып, өз қаражаттарын мақсатты пайдалана білуі қажет. Барлық жұмысты тұрғындар өздері ұйымдастырады.

– Жақсы екен. Ал енді осы жаңа жүйеге көшу жұмыстары қалай жүріп жатыр? Ендігі әңгіме арнасын осында бұрсақ. Нұрек бауырым, сөз өзіңізде.

– Жезқазған қаласында 655 көппәтерлі тұрғын үй болса, оның 486-сында басқарудың жаңа нысанын құру қажет. Қазіргі уақытта қалада 7 МИБ және 283 ЖС құрылды, барлығы 290. Басқару нысанын таңдамаған көп пәтерлі үйлердің саны-196.

– Жұмыс тым баяу емес пе?

– МИБ және ЖС құру бойынша жұмыс алгоритмге сәйкес жүргізілуде.

ПИК төрағалары тұрғын үй инспекциясы бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп пәтерлер мен үй-жайлардың меншік иелерімен жиналыстар өткізуде. Насихат және түсіндіру жұмыстары шама келгенше жүріп жатыр.

– Бұл жәгімді көріңіз қалада қалай екен? Жадыра Сұлтанқызы сөз сізде.

– Жалпы, Сәтбаев қаласы бойынша 609 көппәтерлі үй бар. Осындай үйлерді 140-ы пәтер иелері кооперативінің, 340-ы «Сәт-Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басқаруында болса, 45-тейі кондоминиум нысаны. Мұның сыртында 100 шақты ешкімнің иелігінде жоқ үйлер бар. Заңға енгізілген өзгеріске байланысты, ендігі жерде бұлардың барлығы тұрғын үй басқарудың жаңа формасына көшіріледі.

Бүгінгі таңда 40 МИБ және 293 ЖС құрылды.

– Жұмысты ишрату мақсатында қандай шаралар жүргізіп жатырсыздар?

– Осы күнге дейін 300 тұрғынмен үй алаңдарында жиын өтті және 12 рет қала басшысы жиналыс өткізді.



Марал МӘДИЕВА,
Сәтбаев қалалық
қоғамдық кеңестің
төрағасы



Нұрек АУЕЗОВ,
Жезқазған қалалық
тұрғын үй инспекциясы
басшысының м.а.



Жадыра СЕЙІЛОВА,
Сәтбаев қалалық
тұрғын үй
инспекциясының
басшысы

ЖАҢА ЖҮЙЕ

немесе МИБ пен ЖС

Насихат және түсіндірме жұмыстары аптасына 5 күнде аулақтарға хабарландыру арқылы жүргізілуде. Одан әрі қала басшысының қолдауымен әр аптаның беісенбісінде барлық ПИК, ТКЦ бөлімдерінде сол үйлерге қарасты халықтарды жинау арқылы түсіндіріледі.

– Жөн екен. Ал енді меншік иелері бірлестігі қалай құрылады? Сол жәгімді тарқатып айтып өтсеңіздер? Нұрек мырза, не айтасыз?

– МИБ (меншік иелері бірлестігі) құру үшін қазір қадамдық алгоритм жасалды. Ол бойынша әуелі тұрғындармен кездесу өткізіледі. Онда барлығы МИБ құруға келісуі керек. Сосын кеңес құрылып, оның мүшелері үй төрағасын сайлайды. Хаттама бойынша үйді басқару өкілеттігі төрағаға беріледі. Ол содан кейін жасалып қойған дайын үлгіге қарап, МИБ-тің жарғысын дайындап, жарнасын төлеп, Әділет басқармасына тіркетеді. Содан соң банктен екі есепшот ашырады. Оларға тұрғындар тұрғын үй инспекциясының ұсынысымен жергілікті мәслихат бекіткен көлемде жарна аударып тұрады. Егер тұрғындар ағымдағы шотқа көбірек ақша жинағысы келсе, еріктері өзінде.

– Жадыра ханым, сіз толықтырасыз ба?

– Мүліктің меншік иелері бірлестігі – заңды тұлға. Ол үшін Әділет басқармасынан тіркеуден өтеді. Содан кейін салық басқармасынан бизнес сәйкестендіру нөмірі (БИН) беріледі. Меншік иелері бірлестігі ашылғаннан кейін банктен болмаса Қазпошта мекемесінен тұрғындар ағымдағы және жинақтаушы есепшоттарын ашады. Егер, сол үйде уақыт өте қандай да бір мәселе туындаса, мүмкін ол құбыр алмастыру, болмаса ауланы абаттандыру сияқты жұмыс жасалуы қажет болса, жинақтаушы есепшоттағы қаражат пайдаланылады. Ол үшін жиналыс хаттамасы жасалып, тұрғындардың 70 пайызы қол қойғаннан кейін, есепшоттан қаражатты шешіп алу мүмкіндігі бар. Жинақтаушы есепшотқа аударылатын қаражаттың нақты сомасы белгілі. Ол – айлық есептік көрсеткіштің 0,005 пайызы.

Ал ағымдағы есепшотқа қаражат аудару мәселесі тұрғындардың қатысуымен өтетін жалпы жиналыста бекітіледі. Тағы бір айта кететін мәселе. Мүліктің меншік иелері бірлестігі құрылғанда, оның штаты болады. Мәселен, жетекші мен кассир болса, олар үшін әлеуметтік пакетті де тұрғындар төлеуге тиіс. Яғни табыс салығы, жеке салық, медициналық-әлеуметтік сақтандыру сияқты өзге де әлеуметтік төлемдерге тұрғындар атсалысуы керек. Штаттағы адамдарды тұрғындар өздері таңдағаннан кейін олардың тиісті әлеуметтік пакетін төлеуі қажет. Өйткені, олар сол үйдің ортақ мүлкін күтіп ұстау бағытында жұмыс істейтін болады.

– «Жай серіктестік» деген кімдер және олардың ПИБ-мен айырмашылығы неде? Жадыра Сұлтанқызы, сіз бастаңызшы.

– Көппәтерлі тұрғын үй басқарудың қарапайым серіктестік түріне өтсе, сол үйге жеке адам басшылық жасайды. Бұл орайда қарапайым серіктестік құру тәртібі тұрғын үй инспекциясы арқылы жүзеге асырылады. Егер құжаттары дұрыс болса, онда біз басқарушы органды мекеменің ресми сайтында тіркейміз. Қарапайым серіктестікке өткен үйлердің тұрғындары арасында ұжымдық келісімшарт болады. Сол келісімшартқа қол қою арқылы жұмыс жүргізіледі. Ол үшін үй тұрғындары жетекшіге 100 пайыз сенім білдіруі керек. Бұл – міндетті түрде талап етілетін құжат. Бұл жерде жетекші тұрғындар арасынан сайланады. Айта кететін бір жәйт, басқарудың қарапайым серіктестік әдісіне көшу 8-12 пәтерлі екі қабатты шағын үйлерге ыңғайлы келеді. Ал 120-190 пәтерлі үйлердің тұрғындары бір адамға 100 пайыз сенім танытуы мүмкін емес.

– Неге?

– Өйткені, тұрғындар басқарудың мұндай әдісіне әлі сенбейді. «Мен неге жазбаша сенімхат беруім керек» деген сияқты іштей қорқыныштары бар. Алайда, біз

мүмкіндігінше тұрғындарға жаңа жүйенің тиімділігін түсіндіріп жатырмыз. Бұл жерде тұрғындар қарапайым серіктестік жетекшісіне ортақ мүлікті күтіп ұстау үшін ғана сенімхат береді.

ТҰРҒЫНДАР ҚАЛАУЫ СОЛАЙ БОЛДЫ

Хоош. Сонымен бұл орайдағы әңгімені осымен түйіндесек. Ендігі кезекті жаңа жүйеге қадам жасып, оны қолға алған алғашқы қарлығаштарға берейік. Бүгін біздің клубқа Сәтбаев қаласы бойынша мүліктің меншік иелері бірлестігіне алғашқылардың бірі болып өткен «Комфорт» МИБ төрағасы Қуатбек Мұқанов мырза қатысып отыр.

Қуатбек Молдахметұлының айтуынша Сәтбаев қаласындағы «Нұрлы мекен» шағынауданына қарасты Абай көшесі 7/1 үй кезінде ПИК-тің басқаруында болған. Үйдің жағдайы нашарлап кеткендіктен тұрғындар заңға енгізілген өзгерістерді бақылап, толық танысып, өз беттерінше меншік иелері бірлестігін құруға бекінген...

– Қуатбек мырза, бірлестік құруы неден бастадыңыздар. Елдің бұған сенімі қалай болды? Әңгімені осыдан бастасаңыз.

– Ассалаумағалейкум әлеумет. Пікір-сайыс клубына қош келдіңіздер. Бүгінгі тақырып та өте маңызды екен. Жаңа жүйенің жақсылығы мен ерекшелігін елге жеткізуге азғантай болса да үлесімді қоссам, әрине қуаныштымын.

Әрине, жаңа бірлестік бірден құрыла қалған жоқ. Тұрғындарды жинап, әлденеше рет жиналыс өткізілді. Бірі келіскенімен, енді бірі жаңа жүйеге онша сенім білдіре қоймады. Қайта-қайта кеңесе жүріп тұрғындардың жарғысынан астамы осы шешімді мақұлдады.

Мақұлдамауға амал да қалмады-ау. Өйткені, бұл кезде үйдің жағдайы тым нашарлап кеткен еді. Жертөлеміз көріз суына толып, бесінші қабатқа дейін күлімсі иіс алып кетті. Бір айдай ПИК-тің слесарьлары мен сантехниктерін күттік. Өзіміз жөндейін десек ондағылар есіктің кілтін бермеді. Ақыры ПИК-тен кетіп жеке меншік иелері бірлестігін құруға бел будық. Бірлестікті басқару үшін маған сенім артты. 6 адамнан тұратын тұрғын үй кенесі сайланды. Қазір біздің бірлестік Әділет басқармасынан тіркеуден өтіп жатыр. Заң бойынша біз меншік иелері бірлестігіне өткеннен кейін екі есепшот ашуымыз керек. Оның бірі – ағымдағы, екіншісі – жинақ есепшоты. Қазіргі күні тұрғындар пәтерінің әр шаршы метрі үшін 36 теңгеден жарнаны ағымдағы есепшотқа аударып отыр. Бұл соманы төмендетуге құқымыз жоқ. Керісінше, көтере аламыз. Бірақ, биыл тарифті көтеру ойымызда жоқ. Келешекте жұмыс көрсетеді.

– Қаржы туралы әңгіме бастадыңыз ғой. Соны жіктелісіз тастайық. Айлық жарна төлеудің жайы қалай? Тұрғындар түгел төлеп тұр ма, әлде...

– Ойынды түсіндім. Баяғы ПИК кезіндегідей, қарыздар әлі бар ма дейсіз ғой. Жалпы, біз тұратын үйіміз жаңа үй ғой. Тұрғындардың барлығы Жезқазған кентінен қоныс аударғандар. Әлеуметтік жағдайлары да әртүрлі. Арамызда еш жерде жұмыс істемейтін, ішімдікке үйірлері де жоқ емес. Бұл бірлестік қаржысының жиналуына кері әсерін тигізуде. Менің есебімше ағымдағы шотқа ай сайын 100 мыңның көлемінде ғана ақша түседі. Өйткені, біздің үйде бар-жоғы 45 пәтер бар. Оның кейбірі жоғарыда айтып өткенімдей, әлеуметтік жағдайы нашар отбасылар. Олардан ай сайын жарна түсіп тұрады деп айта алмаймын. Бұл қаржыны біз үй күтіміне қажетті заттар алып, штаттағы адамдардың еңбекақысын төлеуге жұмсаймыз. Бірақ, мен өзім төраға ретінде айлық алудан бас тарттым. Себебі, азғантай ақшаның 42 мыңын мен айлыққа алсам, басқаларға не төлеймін. Осыны тұрғындарға айтып, келісілді.

Бір жақсысы, бізге ең қажетті мамандық слесарь-сантехник өзімізден шығып отыр. Осы үйдің тұрғыны. Бәріміз «Коля ағай» деп кеткен кісі. Бұрын осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан екен. Жертелені жұтындырып қойған да сол кісі. Құрал-саймандардың бәрі сол Коля ағайдың гаражынан келгендер. Сол сияқты, ауланы күтіп ұстау, сыпыру өз міндетімізге айналды. Подъездерді де тұрғындар кезекшілікпен сыпырып, жуып отырады. Өйткені, үй өзіміздікі, ендеше оны өзіміздің пәтерімізді қалай ұстасақ, солай ұстауымыз керек деген қағиданы ұстанып отырмыз. Әрине, оған келіскілері келмейтіндер де бар. Бұрынғыдай, ақшаны уақытылы төлеп отырмыз, ендігі жұмыс сендердікі деген пшығыдан арыла алмай отырғандар да аз емес.

– **Рақмет сізге. Өкінішке орай Жезқазған қаласындағы меншік иелері бірлестігінен ой-пайымын білдіретін кісілер шықпайды. Сондықтан, МИБ жайлы әңгімеңізді әзірге тоқтата тұрып, кезекті ескек серіктестіктерге берсек. Неліктен меншік иелері бірлестігін емес жай серіктестікті таңдадыңыздар? Гүлжанат Қанатқызы, сөз өзіңізде.**

– Саламатсыздар ма алкалы жиынға қатысушылар. Сіздермен бірге пікір бөліскеніме қуаныштымын.

2021 жылы мен тұратын Жәніс 11 а үйге әкімдіктен мамандар келіп, келесі жылы КСК болмайтынын, тұрғындардың не МИБ-ке не ЖС-ға өтуі керек екенін айтты. Тұрғындар оған қарсы болды. Ешқайсысы керек емес, үйді өзіміз күтіп, ұстаймыз деп шығарып салды.

Алғашқы проблема жылу беру маусымы басталғанда шықты. Ешкімнің қарауында жоқ үйге кезінде құбырларды жуып-шаю жүргізілмеген. Үй қысқа дайын болмай шықты. Оған кәріз желісі мен тоқтағы проблемалар келіп қосылды. Ақыры тұрғындар қайыра жиналып, ақыры жай серіктестік құруға келісті. Құжаттарын жинап, өткізіп, жиналыс жасап, мені төраға етіп сайлады, Тұрғын

бар. Ендеше кезекті пәтер иелері кооперативіне берсек. Сөзіміздің басында айтып өткеніміздей, бүгінде Сәтбаев қаласында 4 пәтер иелері кооперативі (ПИК) және бірлі-жарымды кондоминиум нысандары жұмыс істеп жатыр. 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін осы басқару нысандары өз жұмыстарын тоқтатып, бүкіл құжаттары мен қаржысын жаңа жүйенің құзырына аударулары керек. Болмаса, өздері құрылымдарын өзгертулері қажет. Осының жай-жапсарын білу үшін Сәтбаев қаласындағы «Қайсар» пәтер иелері кооперативінің төрағасы Дулат Сыздықов мырзаға әңгімеге тартқанды жөн көріп отырмыз.

– **Дулат мырза, әңгіменің басында айтылғандай, ПИК-тан бас тартуың бірден бір себебі ашықтықтың жоқтығы. Яғни, МИБ-тың басты айырмашылығы, ел жиналған қаржының қайда жұмсалғанын біліп отырады екен. Сіздер тұрғындарға мұндай мүмкіндікті неге бере алмадыңыздар?**

– Қазаққа «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген мақал бар. Кейбір ПИК-тардың жауапсыздығынан барлығымыз жапа шегіп отырмыз. Әйтпесе, біз пәтер иелері кооперативі ретінде 16 жыл жұмыс істеп келеміз. Қазір, «Қайсар» кооперативі 35 үйге қызмет көрсетеді. Жұмысымыз жүйеге түсіп, елдің сеніміне кірдік. Біздің ПИК-ке қарасты үйлердің тұрғындары қаржының қайда жұмсалғанын көріп отырады. Өзгелер үшін жауап бере алмаймын.

– **Жаңа жүйеге көшуді қалай қабылдап отырсыздар?**

– Біз келгенде ағып-тамып жататын жертелелер мұнтаздай болып, қалыпқа түсті. Подъездердің есік-терезелері жөндеді, ток желілері жүйеге келтірілді. Біздің осы маңдай терімізбен жасалған жұмысқа «дайын асқа тік қасық» болып келе қалатын пәтер иелері бірлестігін құруға әрине келісе қоймаймын. Бірақ, заңға да қарсы

БАҚЫЛАУ БАР. ТАЛАП ТА ҚОЙЫЛУДА


Жаңа, әңгіме барысында жергілікті билік пен Үкімет тарапынан қолдау, көмек болса деген де әңгіме айтылып қалды. Әрине, жаңа жүйені жүргізу үшін оған жан жақты әзірлікпен қатар көмек те керек. Сонымен қатар бақылау да, талап қойып отыру да қажет. Міне осы жұмыстар қалай жүріп жатыр. Ендігі әңгіме арнасын осыған бұрсақ. Бұл бағытта көп жұмыс Қоғамдық кеңеске келіп тіреледі ғой. Сондықтан әңгімені де осы құзырлы орыннан бастағанды жөн көріп отырмын.

– **Марал Сағынайқызы, Сіз басқаратын Сәтбаев қаласының Қоғамдық кеңесі жаңа жүйеге көшу жұмыстарын қаншалықты деңгейде бақылауда алып отыр?**

– Саламатсыздар ма, пікіп-сайысқа қатысушылар. Бүгінгі күннің өзекті мәселесін талқыға салып отырған «Сауатқа» газетінің шығармашылық ұжымына үлкен рақметімді айтамын. Әрине, жаңа жұмыс болғандықтан оны осылай талқылап, пысықтап отырған жөн. Біздің қоғамдық кеңес те бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді. Өткен жылы біз қалада жаңа жүйеге көшу жұмыстары қалай жүріп жатыр, қандай мәселелер келдергі болуға, халыққа түсіндіру және насихат жұмыстары қалай ұйымдастырылуға деген мәселелер бойынша бірнеше рет тыңдаулар өткіздік. Оған әкімдіктің осы салаға жауапты бөлімдерінің басшыларын, ПИК, МИБ және ЖС төрағаларын шақырдық. Қаралған мәселелер бойынша ұсыныстарымыз бен пікірлерімізді қала әкіміне жолдадық. Оны қала басшысы да назарға алып, халыққа түсіндіру жұмыстарын қолға алды. Оның басы қасында өзі жүреді. Біз тіпті МИБ пен ЖС төрағаларын арнай оқытатын семинарлар өткізіп тұруды да ұсындық.



Қуатбек МҰҚАНОВ, Сәтбаев қаласындағы «Комфорт» МИБ-інің төрағасы



Рахат КӨПБАЕВ, Сәтбаев қаласындағы «Хаус-93» ЖС-нің төрағасы

НЕСІМЕН ТИІМДІ?

НЕ ӨЗГЕРТЕ АЛАДЫ?

үй кеңесін сайладық. ЖС-ға 29 пәтер қарайды. Сөйтіп, сәуір айында жұмысымызды бастадық. «ЖезАсар» ЖШС деген сервистік компаниямен келісімшарт жасастық. Жөндеу жұмыстары осы компанияның құзырында. Олар бізге атқарылған жұмыстың есеп-шотын береді. Біз жиналған ақшадан оларға аударамыз. Подъездердің тазалығы тұрғындардың мойнында. Қазір олар «Бастысы – шашылғанды жинау емес, шашылмаған жердің таза болатынын ұғу» деген қағиданы ұстанады. Жұмыстың қалай жүретінін алдағы уақыт көрсетер. Әзірге бастамауымыз осындай.

– **Рақмет Гүлжанат. Ал, Сәтбаев қаласындағы жай серіктестіктің жұмысы қалай екен. Рахат Мұқанұлы, әңгімені жалғап жіберсеңіз.**

– Ассалаумағалейку. Пікір-сайыс клубына шақырғандарыңызға рақмет. Біраз әңгімеге қанығып қалғандаймын. Ал енді, біздің жай серіктестікке келер болсақ, тұрғындар шешімі солай болды.

Біз тұратын үй 8 пәтерілік шағын үй ғой. Оған МИБ құрып әуре болудың қажеті жоқ еді. Бізге жай серіктестік те жететін. Тұрғындар сол жерде мені төрағалыққа ұсынып, осы жұмысты бастап кеттік. Несін жасайрайық, КСК кезінде де барлық жұмысты осы үйдің тұрғындары бірлесіп жасайтынбыз. Бізге «Изумруд» пәтер иелері кооперативі қызмет көрсететін. Қызмет көрсетеді деген аты ғана. Ақша алады, бірақ жұмыс жоқ. Енді біз өзіміз ақша жинап, оны өзіміз қадағалап, орынды жұмсауға кірістік.

– **Қаржы қалай түсіп жатыр?**

– Қаржы түсіп жатыр ғой. Бірақ мардымсыз. Бар жоғы 8 пәтерден не түссін. Өлде бір жұмыс болса үй болып жиналамыз. Өткен жылы кәріз жүйесін ауыстырдық. 110 мың теңге кетті. Жиналыс өткізіп, тұрғындардың ортақ шешімімен істелінді бұл жұмыс.

Тұрғындардан түсетін қаржы арнаулы шотқа түседі. Кейін мен елге есеп беріп, ақшаның қайда жұмсалғанын, не алынғанын, қандай дүние ауыстырылғанын айтып отырамын. Кейде мамандар жалдаймыз. Ақша соған төленеді. Көбіне жұмысты өзіміз атқаруға тырысамыз.

– **Атқарушы билік тарапынан көмек бар ма көрсетіліп жатқан?**

– Әрине, әкімдік не болмаса Үкіметтің тарапынан белгілі бір көмек болса жақсы болар еді. Әйтсе де тұрғын үй инспекциясымен тығыз байланыстамыз. Арнайы чатымыз бар. Туындаған кез келген сұраққа сол чат арқылы жауап алып отырамыз. Бірақ, қала әкімдігі, тұрғын үй-коммунальдық шаруашылығы тарапынан жанды көмектер қажет. Көше жолын жөндеу, құраған ағаштарды кесу, көгалдандыру жұмыстарына біздің шамамыз да қаржымыз да жетпейді.

– **Әңгімеңізге рақмет. Осы жерде мынадай бір сұрақ туындап отыр. Көпәтерлі тұрғын үйлер меншік иелері бірлестігіне өткеннен соң, сол үйлердің аумағын абаттандыру, аула жолдарын жөндеу, ойын алаңдарын салу сияқты осы күнге дейін жергілікті билік тарапынан жүргізіліп келген жұмыстар тоқтатыла ма? Жадыра ханым, сіз не айтасыз?**

– Әрине, жоқ. Тұрғын үй-коммунальдық шаруашылығы саласына қатысты бағдарламалар шеңберінде мұндай жұмыстар жүргізілетін болады. Бұл орайда біздің тарапымыздан да ұсыныстар айтылып, бұл бағыттағы шаруалар ретіне қарай шешіле береді. Конкурстық негізде де жүзеге асырылатын жұмыстар болады. Бір сөзбен айтқанда, үй меншік иелері бірлестігіне өткен кезде де жергілікті биліктің назарынан тыс қалмайды.

ПИК-ТАН СЕРВИСТІК КОМПАНИЯҒА

Ендеше осы әңгімемен бұл мәселені де түйіндеп қояйық. Жаңа жүйеге көшу басталды. Алғашқы қадамдар да бар. Бірақ, бұрынғы жүйенің де бұл орайда өз айтары

шыға алмаймын. Сондықтан, біз осы жаңа заң талаптары бойынша сервистік қызмет көрсететін компания құруға шешім қабылдап отырмыз. Құжаттар дайындап та жатырмын. Әрине, жаңа жүйе, жаңа сервистік қажет. Бірақ, сол «жаңамыз» біздің менталитетімізге, біздің ортамызға сай ма? Осыған бірінші кезекте назар аудару керек. Қазір біз қолға алып жатқан жүйе немістік жүйе. Ал, неміс халқының турашылдығы, заңға бағынушылығы бізден анағұрлым жоғары екенін мойындауымыз қажет. Екіншіден, біздегідей емес, Германиядағы тұрғын үйлердің дені белгілі бір меншік иесінің қарауында. Жекеменшік пәтерлер тым аз. Жоқтың қасы. Ендеше меншік иесі қандай тариф қойса, үй жалдаушы сол қаржыны төлеуге міндетті. Бізде меншік иелері бірлестігіне өту үшін әуелі Әділет басқармасында тіркелу керек. Сосын екі есепшот ашу қажет. Біреуі – үйді күрделі жөндеуге, ал екіншісі – техникалық қызмет көрсету мақсатында жиналатын қаражатқа арналған есепшот. Көпәтерлі үйдің тұрғындары осы екі есепшоттың біріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін шаршы метріне шамамен 13 теңгеден төлеуге тиіс. Бұл есепшоттағы қаражат жинала береді. Ал техникалық қызмет көрсету мақсатына ашылатын есепшотқа тұрғындар пәтерінің жалпы ауданына байланысты әр шаршы метр үшін 36 теңгеден төлейді. Міне, біздің жеке меншік пәтерлердің тұрғындары ондай екі төлемге келісе қоюлары да екіталай. Қазіргі тарифтің өзін біріміз төлесек, біріміз төлемейміз. Мұндай жағдайда пәтер иелері бірлестіктерінің жұмысы алға басып кетеді деп айту қиын.

– **Сонда Сіз бізге жаңа жүйені қабылдау әлі ерте-рек демекші ба?**

– Жоқ, мен бұл жерде жаңа жүйенің жұмысы іске алғысыз дуден аулақпын. Тек оны жолға қою үшін ұзақ уақыт кете ме деп ойлаймын. Меншік иелері бірлестігі өткен кездегі үшінші бір қиын жағдай – сервистік компаниялардың бірімен келісім жасалады. Өздеріңізге мәлім, үйлерде апатты жағдайлар болып жатады. Жарық өшіп, су ағып, жылу тоқтап қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Меншік иелері бірлестігіне өткен үйде диспетчер болады. Мұндай кезде тұрғындар диспетчерге хабарласады, ал ол бірлестік жетекшісіне хабарлайды. Жетекші сервистік компанияға тапсырыс жолдайды. Алайда олардың қашан келіп, апат болған жерді жөндейтін өздеріне мәлім. Келген күннің өзінде екінші жақтың белгілеген бағасы да тым жоғары болуы мүмкін. Мүмкін емес, солай. Қазір слесарь-сантехник 4 мың алса сервистік компанияның қызметі 8 мың болары ақиқат. Меншік иелері бірлестігін құрудағы халықтың көңілінен шықпайтын тұстардың бірі – осы. Десек те, сен қозғалды. Ел біртіндеп осы жаңа жүйеге көшіп жатыр. Ол көшкен біз де қалмақ емеспіз. Ең бастысы, өзіміз қызмет көрсететін үйлер біздің ісімізге риза. Жаңа жүйеге көшкенде де олар бізден қол үзбек емес. Сондықтан да біз сервистік қызмет көрсету компаниясын құруға батыл қадам жасап отырмыз. Мамандарым бар. Олардың бәрі істе шындалған, өз жұмыстарын адал әрі сапалы атқарады.

– **Жадыра Сұлтанқызы, Дәкеңнің уәжіне қарсы сіз не айта аласыз?**

– Әрине, мұндай шешімі қиын істерді ПИК пен МИБ өз беттерімен атқара алмасы да рас. Сондықтан, үйді күтіп-ұстауды басқарушы компанияға да беруге болады. Ол кезде үй төрағасы компаниямен келісімшартқа отырады. 10-20 үй бірігіп те басқару ісін сервистік компанияға тапсыра алады. Компанияның қызмет ақысы шоттағы ақшадан төленеді. Көрсетілген қызметтің қаражаты келісім-шарт арқылы аударылады. Яғни, шоттағы ақшаны басқарушы компания да, үй төрағасы да қолма-қол ала алмайды. Бұл қаржы операциясының ашықтығын, тазалығын сақтау үшін қажет. Сонымен бірге сайт арқылы басқарушы компанияның жұмысын, қаржыны қалай, қайда жұмсағанын біліп отыра алады.

Бұл ұсынысымыз да жергілікті билік тарапынан қолдау тауып отыр.

– **Марал Сағынайқызы, осы орайда мынадай бір сұрақ туындайды. Қазір МИБ және ЖС төрағаларының арнайы сертификаты болуы керек деген пікір де айтылып қалып жүр. Бұл онсыз да баяу жүріп жатқан жұмысқа қолбайлау болмай ма. Сіз не дейсіз?**

– Иә, мамандардың пайымдауына сайланатын меншік иелері бірлестігінің төрағаларында міндетті түрде сертификаты болу керек дейді. Ол – «Тұрғын үйді басқару менеджері» деген мамандықты растайтын құжат. Жаңа заң бойынша онсыз ешкім үй төрағасы қызметін атқара алмайды. Осы мақсатта біз төрағаларды оқытатын семинарлар өткізуді ұсындық. Қазіргі сайланған төрағалар осы семинарларда оқып, өздерінің біліктіліктерін көтере алды деп ойлаймын. Тек төрағалардың ғана емес, басқарушы компанияның қарамағында істейтін мамандардың да қызметтерін растайтын сертификаттары болуы тиіс. Яғни, компания жұмысшылары кәдімгі кәсіби білікті мамандар болуы қажет. Бұрын слесарь, сантехник секілді мамандық иелері санаттары бойынша жұмысқа қабылданып, сол талапты қайтадан күшейту керек дегенді де алға тартып отыр мамандар. Жұмыс сапалы атқарылуы үшін оны істейтін адамдар өз ісінің мамандары болмаса, ертең міндетті түрде тұрғындар тарапынан реніш туындайды. Жасыратыны жоқ, кейбір ПИК басшылары жөндеу жұмыстары кезінде мамандарды еңбек биржасынан алып жатады. Жарнама арқылы да алатындар бар. Ал, олар тапқан мамандардан тиісті сертификат та сұралмайды. Бұл өз кезегінде ертең жұмыстың сапасына кері әсерін тигізіп жатады.

– **Ұсынып бар екен. Ал, олардың орындалуы бақылауда алынған ба?**

– Әрине. Біздің қоғамдық кеңестің мүшелері арнайы жасалған кесте бойынша жаңа жүйеге көшудің барысымен танысып, айтылған сын-ескертпелердің орындалысын бақылап отырамыз. Қалалық мәслихаттың депутаттарымен де бірлесіп рейдтер өткізіп тұрамыз.

– **Депутаттармен бірлесіп деген сөз айтылып қалды. Бұл бағытта Жезқазған қаласында қандай жұмыстар атқарылып жатыр екен. Сөз тізігін Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Раушан Қапароваға берсек.**

– Өр үйдің өз меншік иесі бірлестігі болғаны дұрыс. Біріншіден әр үйдің тұрғындары өздері жинаған ақшаны өздері жұмсап, өздері бақылып, өздері басқарып үйренеді. Екіншіден, ақшаның қайда, не үшін жұмсалғаны көрініп тұрады.

Өкінішке орай бұл жұмыс әлі баяу жүруде. Бұл халықтың ПИК-ке әбден көңілдері қалып, сенімдері жоғалғандықтан шығар деп ойлаймын. Екіншіден, бізде бәсекеге қабілетті сервистік қызмет жоқ.

Ал, енді депутаттар тарапынан қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр деп сұрап отырсыз ғой. Ауқымды жұмыстар жүргізілді. Жалпы, Жезқазған қаласында 8 аумақтық комиссия жұмыс істейді. Қаланың халық қалаулылары сол комиссиялармен бірлесіп бірнеше рет рейдтер ұйымдастырды. Оның ішінде осы МИБ және ЖС құру жұмыстары да бар. Менің өзім депутат ретінде бірнеше рейдтерге қатысып, жаңа жүйенің барысын тексеріп, орын алған кемшіліктер бойынша талаптар қойдым.

– **Жұмысты ширату үшін не істеу қажет деп айтар едіңіз?**

– Ең бастысы халықпен жұмыс істеу керек. Оларға жаңа жүйенің жақсылықтарын жете түсіндіру қажет. Бұл бағытта жұмыстар жүріп жатыр. Бірақ, әлі аз сияқты. Елдің жаңа жүйеге сенімін оятатын жұмыстар ұйымдастыру қажет. Қазір құрылып, жұмыс істеп жатқан МИБ пен ЖС-ның жұмысын жиі-жиі көрсетіп, елдің көзін үйрету қажет. Ал ондай бірлестіктер бар. Мысалы біздің үйдің өзі МИБ-қа көшкен бір жылда жап-жақсы жөнделіп, жо-баға келіп қалды. Ақпараттық насихат, үгіт жұмыстарын қолға алған жөн. Бүгінгі сздердің жасап отырған мына пікір-сайыстарыңыз өте құптарлық жұмыс. Осындай жұмысты телеарналар да қолға алулары қажет. Жаңа жүйе халыққа әлі толық жетпей жатқан сияқты.

ТҮЙІН

Міне, және бір отырысымыз өз мәресіне жетті. Бұл жолы біз елдің көңілін алаң етіп отырған жаңа жүйе несімен тиімді, МИБ пен ЖС не өзгерте алады? деген сауалдар төңірегінде шама-шарқымызша ой қозғадық.

Ең бастысы, әңгімеміз елге қажетті кеңестерден кенде болған жоқ деп ойлаймын.

Орайлы сәтте оқырмандардың есіне сала кетейін 1 шілдеден бастап бұрынғы пәтер иелері кооперативтері (ПИК) өз жұмысын тоқтатады.

Ал, олардың қызметін бұдан әрі меншік иелері бірлестігі (МИБ) немесе жай серіктестіктер атқаратын болады. Қазір еліміз бойынша тұрғын үйді басқарудың осы жаңа формасына біртіндеп көшу басталды.

Десек те, жаңаға жаттықпай қарайтын қашанғы әдетіміз. Қазір де МИБ пен ЖС-ға жүрегіңе қарап, мұның соңы қалай болар екен деп істің аңдысын аңдып отырмыз.

Ал, уақыт болса ырғалып-жырғалғанды көтермейді.

Көзді ашып жұмғанша шіліңгір шілденің қалай келіп қаланың да аңғармай қаласыз. Бұл кезде тозығы жеткен құбырыңыз бен, қиюы кеткен кәріз жүйеңізді кімге жөндетеріңізді білмей, дал боларыңыз бек мүмкін. Сондықтан, жаңа жүйенің жалына жабысқаныңыз жөн.

Ол сізді далада қалдырмасы анық. Сіз не дейсіз оқырман? Хат жазып, ой бөлісіңіз.

(Жалғасы. Басы газеттің №12 (8275), №13 (8276), №14 (8277), №15 (8278), №16 (8279) сандарында.

Әуекте осылайша үш қасқыр да, отыз қасқыр да бола береді. Әуектегі қасқыр саны қаншалықты көп болса соншалықты қуатты болады. Осындай кереғар санына қарамастан әуектер бейбіт өмір сүреді. Олар бірінің шекарасына бірі кірмейді. Үлкен әуектер кіші әуектерге күш, болмаса қысым көрсетпейді. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген осы.

Қажет болған жағдайда әуектер бір-бірімен қосылып, суперәуектер құрады. Оны да әуекбасы басқарады. Ол суперәуекбасыны абадан дейді.

АБАДАН

Менің соңғы постым осындай жазбаммен қалған болатын. Жолсапарға шығып кетіп, әрі қарай жалғастыру мүмкіндігім болмай қалып еді. Үн-түссіз қала салуыма да болушы еді. Алайда әңгіме қазақ баласының ұлттық коды – қасқыр туралы еді...

Әңгіме Ұлытаудағы тоғыз (кей ақпаратта он) метрлік қасқырға арналған ескерткіш туралы. Бұл жөнінде БАҚ беттерінен оқып, берекесін берсін, мұны қолға алған азаматтарға абырой жазсын деп тілеулес болдық.

Отандық БАҚ жарыса жазды. Мұндай алып ескерткіш ТМД кеңестігі тұрсын, бүкіл әлемде жоқ деп.

Қасқырдың үйірін әуек дейді, әуектің көсемін әуекбасы дейді. Ал бірнеше әуек біріккенде әуекбасылардың көсемін – абадан деген! Өкінішке қарай мен іздегенімді таппадым!

Абадан дейін десем күт белгісі жоқ! Құртқа дейін десем емшек безінің орны көрінбейді. Сонда? Содан қойшы, шегіншектен қарадым...Анық көрініп тұр. Жалды екен!

Қуанып қалдым. Мақау емес екенмін. Жал тек еркек қасқырларда болады. Бабаларымыз қасқырдың арланын жал деген. Шыныммен жал екен! Ал жалдық белгісі қайда?

Ескерткішті әрі қарап, бері қарап



Төрехан МАЙБАС, жазушы

ҚАСҚЫР –

БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗ!

Әуектер механикалық топ емес, тобыр да емес. Өзінің ішкі заңдары бар кемел құрылым. Үнемі қозғалыста тұратын тірі ағза. Көбейіп жатады, азайып жатады. Әуектің ішкі заңдылықтары ондағы қалыпты ахуалды қалыптастырады. Өмір сүру ахуалын.

Ол заңды ешкім де бұза алмайды. Бұзам дегеннің өзінде бұзу мүмкіндігі жоқтың қасы. Өйткені ол әуектің күйреуіне соқтырады. Сондықтан да кез-келген әуек оқыс жағдай (өрт, жер сілкінісі, басқа да табиғат апаттары) болмаса өсіп-өркендейді, кемелдене түседі.

Қасқыр жалғыз болғанда өзін өзі қорғай алмайды. Екеу болғанда ол енді өзін де, серігін де қорғай алады.

Әуектегі қасқырдың әрқайсының өз орны бар. Жау тап бергенде үлкен-кіші, еркек-ұрғашы демеі жаппай қорғанады.

Өмір сүру ортасының аясын кеңіткен, болмаса басқа да жағдайға байланысты сойқандарға тек алғайдай топ қатысқан.

Қарақұлақтары серек тартпайынша ешқандай оқыс қимылдарға (аң аулау, сойқан) бармайды.

Иттер де, қасқырлар да бір-бірімен қырысады. Кешегі үлкендеріміз оларды иттөбелес, қасқырсойқан дейтін. Қасқырлар арасындағы сойқан негізінен жер үшін, қорек үшін өтеді. Сол сойқанға қатысқан қасқырлар бірін-бірі жарып тастамайды. Тіпті, жаралауға да бармайды.

Әуекбасы әуектегі бірде бір жалды, болмаса шуланды таламайды. Және өзгелерінің бірін-бірінің талауына жол бермейді.

Әуек үш топтан тұрады. Бірінші топты әуекбасы басқарады. Ол топты алғайдай топ дейді. Оған жалдардың ең азұлылары топтастырылады. Екінші топты әуекқосы басқарады. Ол топты әуектің құртандары, серектері құрайды. Үшінші топты бөрте басқарады. Үшінші топты негізінен шуландар құрайды. Сойқандарға түсетіні әуектің бірінші және үшінші топтары.

Қасқыр жарақат алған жағдайда оны әуек болып күтеді және әуек болып қатарға қосады. Сойқандардан, болмаса аңшылықтан мүгедектік алған қасқырлар әуектің ерекше қамқорлығында болады.

Аңшылыққа барынша даярланып шығады. Мәселен, суатқа қашан құлайды, қанша бас, қашан құлайды, келер жолы қайсы, қайтар жолы қайсы. Мұны әуектің қарауылдары атқарады. Шабуылдарды үнемі әуекбасы бастайды. Аңшылықтан түскен олжаны қылдай бөліседі.

Әуекте үш қарауыл (қасқыр) болады. Үш топтың тыныштығы, қозғалысы осы қарауылдарға байланысты.

Шуланның (бөрте) әуекті басқаратыны болады. Ондай әуекбасыны құртқа дейді. Мұнан әуектің заңы өзгермейді. Осы жерде еске басқырт жұрты еске түседі. Олар өздерін басқұрт дейді...

Әуекті құру қиындықпен өтеді. Ессіне оның оның ұйымшылдығы, топшылдығы кемел болады. Олар селбесіп өмір сүруді игереді. Оның ең бастысы – ауызбіршілігі. Әуектің өміршеңдігін жалғыздың да ақылы, көптің де ақылы шешеді. Олардың ұстанымы жаға ұстатады.

Бәрі бірі үшін... Бізге осы ұстаным жетпей жатыр-ау...



Сөз жоқ, Ұлытау десе-ақ бір бүйрегіміз бұрып тұрады. Ұлттық руханиятта өзіндік орындары бар Әнуар Омаров және Берік Әбдұғали бауырларым басқарған ауданның кейінгі уақыттағы өзгерісі ғаламат-ақ! Ұлт ұясы – Ұлытауды ұлықтауда сөзден іске көше бастағанмызды осы бір ескерткіштен-ақ көруге болатын еді. Қыруар қаржы құйылып жатқанын да естіп отырмыз. Кешендік құрылыстың қанатын қандай түскенін де көзімізбен көрдік.

Теңіздің дәмін тамшысынан-ақ білуге болады. Осы ескерткішті көріп қатты ойланып қалдым. Біреу төбемнен суық су құйып жібергендей болды.

Қасқыр жөнінде кейінгі уақытта үлкенді-кішілі жиырма шақты мақала жазыпты. Менің де білмейтінім баршылық шығар. Осы ескерткішті көріп бетімнен бастым. Мен мақау екенмін...

Ұлттық рухқа арналған жәдігер ғой, аяғынан шыға кетейінші деп... күн салып қарамаймын ба?

Сізге өтірік, маған шын – таппадым... Іздегенімді таппадым... «Бұл қазақтың басын қосатын ескерткіш...»

Отандық БАҚ осылай жалаулатып жатты. Бәрі дұрыс-ау, алайда оқыған надандығымыздың бізден қалмай келе жатқандығын нақ осы ескерткіш анық танытты. Осы ескерткіш туралы кім не жазбады?

Біреулеріміз қасқыр деп жалаулатыпты... Енді біреулеріміз көкбөрі деп жалаулатыпты... Тағы біреуіміз Ашина деп жазуға дейін барды... Ау, сонда осы ескерткіштің құдыретін түсіндіре алатындай бабаларымыздың тіл қорында сөз болмағаны ма?

Болғанда қандай? Абадан!.. Бұл ескерткіштің атауы – Абадан болу керек!

ондай белгі безді таба алмадым. Әлде мутант қасқыр болды ма екен?.. Ертең бе, бүрсікүні ме бұл ағаттығымыз да түзелер... Сонда жаңа бір қателікке жол бермейікші!.. Жалымызға емшек безін салып қоймайықшы!.. Оқыған надандығымыз бізден қашан қалар екен?

ТӘҢІРҚҰРТ

Сонымен жазбамыздың тақырыбына қайтып оралдық.

Тәңірқұт! Алматыда, «ҚазАқпаратта» жүргенімде біраз жұртпен араласып, дәмдес болдық. Соның бірі – аяулы Зейнолла Сәнік ағамыз еді.

Маңғаз ағамыз сөзге сараң еді. Оның ішінде Құдай сөзіне. Алайда біздің әңгімеміз жарасқан. Баспамызға келіп тұрды. Әңгімелесу үшін. Бұл әңгімені сол кісіден алып қалған едім.

Қандай мақұлықат болсын табиғатынан аса алмайды. Қорегін соғысып жүріп табады. Өзін соғысып жүріп сактайды. Соғысып жүріп көбейеді.

Ұлы табиғаттың жаратқаннан салып қойған инстинкті (түйсігі) бар. Ол қандай жағдайда болсын – көбею! Табиғатта бәрі кездеседі. Аталығы болмай-ақ көбею бар... Аналығы болмай-ақ көбею бар... Сол жаратылыстың ортаңғы род болуы мүмкін емес! Біздің түсінігімізде.

Жоқ, болады екен! Бөрісырғақта бөрі мен бөрте ғана өз табиғатынан аумады! Қалғаны өз табиғатынан бас тартады. Мұның бәрі көктен! Онан кейін де аяғына жетпеуі мүмкін. Қысыр қалуы мүмкін... Алайда қасқыр емес! Жалқы да болса әкеледі. Бөрте дүниеге өзі тектесті әкеледі! Бұл – көктің таңдауы! Мұны Тәңірқұт дейді!

БҮЛ ЖАЗБАМЫЗДЫҢ ТҰЗДЫҒЫ

Қазір қасқыр аулауға бізде тыйым салынған. Соған орай қасқырдың өтіне, ішек құрылысына, өтіне, тұяғына деген сұраныс аспаннан түр. Әлемде адам саудасы жүріп жатқанда тәйірі бұл сауда болып па?!

Дегенмен бұл да соған барабар сауда. Осыдан екі жыл бұрын қасқырдың ұшасы бір мың доллар тұрды. Қазір екі мыңға жеткен болар. Өйткені...

Бұл есірткі саудасымен байланысты. Есірткіге пышақ ұшы қасқыр өтін қосып жіберсеңіз із алғыш итіңіз, иіс алғыш итіңіз оған аяқ баспайды. Айналып өтеді...

Соңы.

ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫНША ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.



«Елу жылда ел жаңа» демекші, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері әлемнің көптеген дамыған елдерімен мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан байланыс жасап келеді. Бұл қатынастардың оң нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтастығы, өзара түсіністігі, яғни тіл білуінен.

Ендеше бүгінгі қарыштап дамып келе жатқан тәуелсіз елімізді көркейтетін де, дамытатын да алдымыздағы тәрбиелеп отырған ұрпағымыз. Осы ұрпақтың саналы, білімді болып шығуы ұстазға байланысты. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар саналы білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқан талапқа, өзгеріске қай уақытта да ұстаз дайын болуы керек. Осы орайда өз тәжірибемнен химия пәнін оқытудағы тиімді жолдармен бөліспекшімін.

Қазіргі жаһандану, техникаландыру заманында, яғни әлемнің ғылымындағы, өнеріндегі және технологияларындағы дамуы оқушылар баса тілді менгеру барысында біле отырып, өз тілінде сол дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл оқушыларға шет тілін оқытумен салыстырғанда көптеген жаңа бағыттар береді, себебі, мұнда оқушы тілмен қатар пәнді қоса меңгереді. Мұнда оқу мен ойлау дағдылары біріктірілген. Нақты пәндерді шетел тілінде қалай оқыту әдістемелік мәселелері бойынша шетелдік зерттеушілер CLIL әдісін ұсынып, қазіргі уақытта пән мұғаліміне талқылап, сабақтарын да үйлестіріп жатыр. Алайда, аталмыш әдіс жаңа деп атауға келмес, себебі, пәндік байланыс, бір сабақтың көлемінде әр алуан пәндік мазмұндағы білім, өмірмен байланыс шетел тілі сабақтарында қолданады. Бүгінгі таңда үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Менің факультативтік курс бағдарламасында оқушылардың ағылшын тілі пәні бойынша білімдерін тереңдету арқылы бейорганикалық химия бөлімі бойынша алған білімдерін, негізгі ұғымдар мен терминдерді, химиялық тілін ағылшын тілінде меңгерту үшін сөздік қорларын молайтып, тілдік орта қалыптастыру. Химиялық тұрғыда ойлай алатын, функционалды сауатты және көптілді, креативті, шығармашыл оқушы тұлғасын дамыту – менің басты мақсатым. Курстың міндеттері:

- бейорганикалық заттардың құрамы, құрылысы, қасиеттері мен қолдану арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды анықтау;
- химиялық терминологияны, химиялық заттардың формулаларын сауатты түрде пайдалану білігін қалыптастыру;
- заттарды танудың химиялық әдістерін меңгеру;
- алған химиялық теориялық білімдердің жиынтығын есептер



шығару кезінде пайдалана білу дағдысын дамыту;

- химиялық сипаттағы негізгі ұғымдар мен терминдерді ағылшын тілінде білуге үйрету;
- көптілті қоғамға сай кіріктірілген білім, құндылық пен қарым-қатынас жүйесін дамыту;
- өмірлік және экологиялық мәселелерді шешуде алған білімді пайдаланудың функционалдық қабілеттіліктерін арттыру;
- негізгі мектепті бітірушінің ары қарай оқу бағытын таңдау дайындығы мен өз білімін жетілдіруге деген құлшынысын дамыту.

Күтілетін нәтиже: оқушылардың бейорганикалық қосылыстардың құрамы, құрылысы, қасиеттері жайында теориялық білімді игеріп, өмірлік мәселелерді шешуде сауатты қолданады; заттардың химиялық формулалары және реакция теңдеулері негізінде сандық және сапалық есептер шығарады; бейорганикалық химиядан негізгі ұғымдар мен терминдерді ағылшын тілінде біледі; ағылшын-қазақ тіліндегі мәтіндермен, сөздіктермен дербес жұмыс жасай алады, оқушы бойында танымдық қызығушылығы мен интеллектуалдық қабілеттіліктері дамиды.

Қорытындылай келе, бүгінгі білім беруде мұғалім барлық оқушыларды қамтамасыз ететін ахуалды қалыптастырып, оқушылардың дағдыларын дамытуға бағыттаған тапсырмалар мен белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, сенімді, жауапты, белсенді, жаңалыққа ұмтылатын, өз іс-әрекетін талдап, баға беретін тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл үшін әр мұғалім «білімнен қуатты күш жоқ, біліммен қаруланған адам жеңілмейді» деген ұлағатты сөзді үнемі жадында ұстауы қажет.

Сонымен CLIL әдісінің мазмұны мен құрылымы ғылыми педагогикалық зерттеулерді қажет етеді. Себебі, отандық білім беру жүйесінде бұл әдіс инновациялық, жаңа бағыт әрі көптілді білім беру жүйесінің моделін толықтырып, үйлестіреді. Осылайша үш тұғырлы тілді дамытып, жетелей берсек, ұядан ұшқан балапандарымыз білікке самғайтын қыран боларына кәміл сенемін.

Мөлдір ДАУЫЛБАЕВА,
«Е. Шаханов атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)» КММ,
химия пәні мұғалімі.


Жаңаарқа ауданы.

ЖӘЙРЕМ КЕНТІНЕ – 50 ЖЫЛ

«Әр кімге өзі өскен жер – Мысыр шаһары» деген тәмсіл бар ғой. Мен үшін бүгінде шағын кентке айналған – Жәйремнің орны бір бөлек. «Жастығымның куәсі шұрқыраған ауылым», – демекші нағыз жастық шағымның қызықты уақыттары өткен жер ол. Міне, сол Жәйремге биыл 50 жыл толады. Сол шағын өндіріс кентінде еңбекпен есейген менің өзім биыл 70-ке келіп қалыпты. Осы мерейтойлар тоғысы кезінде миды қозғап, кенді Жәйрем туралы ой толғамақ болып қолға қалам алдым...

Сағымның болған Сағым жылдар

Менің туып өскен ауылым «Жеңіс» совхозынан 25 шақырым жерде, Қаражал қаласына қарай орналасқан жергілікті ел «Ескі Жәйрем» деп атап кеткен шағын кент еді. Бұл – 1950 жылдары құрылған Жәйрем геологиялық барлау экспедициясы болатын. Мен әңгімелемек болып отырған жаңа Жәйремнің ашылу тарихы осы экспедициямен тығыз байланысты. Осы экспедицияның бас геологы Социалистік Еңбек Ері Анатолий Александрович Рожновтың (1931-1994) басшылығымен 1971-1975 жылдары Жәйрем, Үшкатын кент орынының бұрғылау жұмыстары сәтті аяқталды. Ел құлағы елу емес



Жәйрем мешіті

пе: «Ескі Жәйремнің бұрғышылары керемет бай кен орнын тауыпты, үлкен қарьер ашылады екен», – деген қуанышты хабар «дүңк-дүңк» естіліп жатты.

1971 жылдың мамыр айында мен әскери борышымды өтеуге аттандым да Жәйремнің алғашқы ашылу сәттерін көрген жокпын. Туыстардың, достардың жазған хаттарынан там-тұмдап білгенім: «Рудник салынып жатыр, қарьер қазылып жатыр» деген жағымды хабарлар. Екі жыл да өте шығып, әскерден келгенде көргендеріме қайран қалдым.

Ауылдан 18 шақырым жерде құрылысшылар поселкесі бой түзепті. Азғана уақытта бір көшенің бойында дүкендер, асхана, мектеп салынып, кен басқармасы орналасқан. Жатақхана, тұрғын үй қотеджері салынып жатыр екен. Жәйрем руднигінің алғашқы директоры Иван Петрович Бабанин деген кісі, ал поселкелік советтің бастығы Тұрсын Ысқақұлы Тоғызбаев еді. Екі жылжымалы механикалық колонна құрылысты қарқынды жүргізіп жатыр екен. Алғашқы шөмішін геологтар қадаған белгіден бастап салған экскаваторлар да қарьер қауға кірісіп кеткен. Сол кезде Жәйрем туралы, оның болашағы, жер астында тұнған байлығы туралы жазылған мақалалар, телекөріністер бүкіл Одаққа тарап кетті ғой. Бұл жарнамалар өз нәтижесін көп күттірген жоқ. Сонау 1954 жылы тың игеруге жиналған халықтан кем болмай Жәйремге одақтың түпкір-түпкірінен жұмыскерлер ағылуымен болды. Ал, енді осыншама келіп жатқан адамдарға баспана қайда? Оның да шешімі табылды. Алғашқы салынып біткен жатақханаға сыймағандар вагондарға көшті. Жұмысшылар поселкесі орналасқан Бәйелі төбесінің етегіне тізбектеліп вагон қалашық орын тепті. Бір бөлмелі ағаш та, ұзын темір де вагондар болды. Кейінірек кішкентай ғана құрастырмалы қотеджер пайда болды. Вагондар қалашының кіреберісіне жерді цементтеп үлкен би алаңы жасалды. Жұмыстан келіп ас-суын ішкен жастар кешке осы би алаңын думандатып мерекеге айналдыратын. Осы жылдары Жәйремнің болашағына сеніп, іргелес «Жеңіс», «Қызылжар» стансасынан т. б. елді мекендерден қоныс аударып, Жәйрем кентінен жер алып, халық үй сала бастады. Жұмысшылар мекені үлкейе берді, үлкен балабақша салынды, дағарадай клуб ғимараты іске қосылды, күнде кино көргеніміз өз алдына, Алматыдан әртістер келіп концерт қоя бастады. Көбі есте қалмады, 1976 жылы Сара Тыныштығұлованың келгені есімде. Алғашқы клуб менгерушіміз Токпанбай Каденұлы болды. Мамандығы шофер болса да, өнерден құр алақан емес, әнші, домбырашы, жүрген жері күлкі-думан жайдары жан еді. Жәйремнің нағыз гүлденген шағы – 1975 жыл, яғни, Садық Қасымұлы Асатов директор болып келуінен басталады екен. Сол жылы жұмысшылар поселкесінен 1,5 шақырым жерге техниканы төгіп, жерді

қаза бастады. Бұл игі бастама – болашақ Жәйрем қалашының құрылысы еді.

Өз кезегінде қарьер де қарқынды түрде қазылып жатты, бірақ қарьерге су толып, техникалар суда қалып, адамдар көп қиыншылықтар көрді. Сәкең өзінің шебер басы қасиетін осы кезде дәлелдеді. Бар күшті қарьерді судан тазартуға және қарьерге баратын жолдарды жөндеуге жұмсады. Қарьер шұңқыры әжептәуір тереңдеп, аумағы үлкейе түсті. Енді кенге жету үшін үлкен қопарылыс жасау керек еді. Садық Асатов бұрын өзі басшылық еткен Солтүстік Жезқазған кенішінен тәжірибелі бұрғышылар алдырды. Соның бірі – кейін өзім бригадасында жұмыс істеген Николай Иванович Деев еді. Жүргізушілер де жетіспей Қырғызстанның Қарабалта руднигінен жүргізушілер шақырды. Олар сол кездегі алып болып саналған 27 тонналық «БелАз» жүк машиналарына отырды. Сонымен Октябрь мерекесімен тұстас 1975 жылдың 7 қарашасында бұрғыланған жүзден аса шұңқырға қопарылыс жасалды. Халықтың қуанышында шек болмады.

Жәйремнің алғашқы кені осыдан көп ұзамай берілді. Ақпан айы болуы керек, қарьердің басында салтанатты митинг болды. Трибунада Садық Асатов бастаған басшылар, қаладан келген қонақтар. Кен тиелген «БелАздар» тізбегі күндіз күркіреп трибуна алдынан өте бастады. Ең алдында еңбек озаты, үздік жүргізуші Валентин Шевчуктің машинасы. «БелАз» тұмсығына қызыл мата керіліп, оған «Жәйремнің алғашқы кені – Отанға!» деп жазылған. Күн әжептәуір аяз болса да, оны елеп жатқан ешкім жоқ, бәрінің жүзінде қуаныш.

Осылайша Жәйрем кен-байыту комбинаты өмірге келді. «Жәйремауырқұрылыс» тресі құрылды оның бастығы Айса Абдрахманов еді. Бұл кісінің зайыбы Раушан поселкелік советтің төрайымы болды. Салынып жатқан қаланың алғашқы бес қабатты үйлерін толып жатқан мекемелер атқарды. Олар – «Балқашқұрылыс», «Лисаковск», «Жетіқарақұрылыс», «Қарағандықұрылыс» және «Жезқазғанқұрылыс» мекемелері еді. Сонда да екпінді құрылысқа адам күштері жетіспей жатты. Сол жылдары лагерлерден адамдар әкеле бастады. Бұлар «Еңбекпен түзеу мекемесінен» жазасын «шартты» түрде қара жұмыспен өтеуге шыққан жандар еді. Лагердің қап-қара киімімен көшеде жүрген бұларға жергілікті халық әуелде үрке қарағанымен, артынан үйренісіп кетті. «Орталық қазандық», «Темірбетон бұйымдарын жасау» заводын салуға құрылыстың барлық саласына жұмылдырылды. Оларға бақылау жүргізуге арналған арнайы коммендатура құрылып, 1977 жылдың көктемінде пайдалануға берілген 600 орындық жатақханаға орналастырылды. Бастығы болып Жезқазғаннан Зауытбек Фазылов

деген кісі келді. Сонымен қатар Жәйремнің милиция бөлімі ашылды, бастығы Жаңаарқадан келген Леонид Михайлович Ватрасов болды. Бұл екі бөлім де жергілікті жастардан және көршілес Қаражал қаласынан ауысып келген жігіттермен жасақталды.

Жәйремге кіре беріс төбеге телемұнара орнатылып, телестудияның ашылуына халық жиналып салтанатты митинг болды. Осы төбедегі «Жәйрем», «Комсомолдық екпінді құрылыс» деп жазылған тас тұғырлардың алдында отау құрған жастар суретке түсуші еді.

С. Асатов басқарған жылдары Жәйрем ертегідегі баладай сағаттап өсті десем артық болмас. Өндіріс те, құрылыс та қарқынды дамыды дедім ғой, ол рас. «Үшкатын» марганец кені игеріліп, онда да қызу еңбек қайнап жатты. Бастығы Орынбасар Шыныкеев деген жігіт еді. Кадрлар бөлімін басқарған жары Сара құлақ құршыын кандырар жезтаңдай әнші еді марқұм. Озат экскаваторшылар Серік Алпысбаев, Біләл Айкешов, Әбдіғали Әлжаппаров осы кеніште еңбек етті.

Жәйремге 1985 жылдың көктемінде Д. А. Қонаевтың келуі айтулы оқиға болды. Жаңа ашылған кен ұнтақтау корпусын және басқа өндіріс орындарын аралап халықпен сұхбаттасқаны есте. Халыққа зор қуаныш сыйлап, әрі үлкен құрмет пен қошеметке бөленген Н. Телдиевтың «Отырар сазы» оркестрінің концертін қалай ұмытарсың? Концерттің соңында Садық аға сахна төріне шығып оркестр мүшелеріне алғыс, шығармашылық табыс тілеп, тебрене сөз сөйлеп, Нұрғиса ағамен құшақтасып қоштасып еді. Жап-жас Роза Рымбаева да дүркіретіп концертін беріп кетті.

Жәйремдіктер үшін Металлургтер күні айтулы мереке болса, Құрылысшылар күні де қалыс қалған емес. Жұмыс та жүріп жатқан, той-думан да ретімен болып жатқан, халықтың көңілі хош тамаша кез еді ол уақыт. 1987 жылдың жадыраған жазында Жәйремнің аэропортынан отбасыммен мына тұрған Қарағандыға ұшақпен ұштық. «Самолетпен келдіңдер ме, күштіңіңдер ғой», – деп таң қалған еді балдызым. Өрине, күшті болып тұрған Жәйрем еді ғой!

Жылжып 1988 жылдың желтоқсаны да келді. «Өлер, Садық Асатов Қасымұлы, кім өлтірер мәңгілік Жәйремді», – деп жыраған Сәкең өмірден өтті. Асыл азаматын ел қатты қайғырып ақтық сапарға шығарып салды. Ардақты аға «гүлдентем» деп келген Жәйрем жерін өмірі жеткенше гүлдентті.

Жәйрем комбинаты директорының тізгінін жас инженер Нұрша Қәкенов деген жігіт ұстады. Бұған дейін ол «Қиыр батыс» қарьерінің бастығы болатын. Бұл жігіт Садық ағасының ісін жақсы жалғастырды. Өндіріс те, құрылыс та бәсеңдеген жоқ. Алғашқы мешіт салынды, Асатов атындағы көшеде ерекше екі үй бой түзеді. Ерекше сол, «киевтік жоба» деп салынған бес қабатты бұл үйлер тек қана екі және бес бөлмеден тұратын. 1990 жылы мамырда пайдалануға берілген бұл үйден, мен де бес бөлмелі пәтерге ие болдым. Осы жылы «Азия дауысы» фестивалінен Руслан Карин құрған жәйремдік «Роксанаки» тобы І орын алып келді. Топ басышы Руслан мен әнші Серік Көшкінбаева да осы үйден пәтер берілді.

Директорымыздың ұйғарымымен 1992 жылдың жазында Жәйремнің 20 жылдық мерейтойы тойланды. Қаланың шетіне киіз үйлер тігілді, түрлі ойын-сауыққа қоса заттай лотерея ұтыстары ойнатылды. Той дүркіреп өтті. Алматыдан шақырылған «Тамашаның» әртістері халыққа тамаша көңіл-күй сыйлады. Тойдың құрметіне комбинат басшылығының шешімімен біраз кеншілерге дүкеннен қалаған жиһазын алуға чек берілді. Осы тойдан мен үшін үлкен ескерткіш, жатын бөлме жиһазы болды. Есте қалғандарды қозғай берсем жаза беретін түрім бар, Жәйремге еңбегі сіңген бұл күнде о дүниелік болған ақсақалдардың есімдері еске оралады.

Талай қиындықтарды басынан өткерген Жәйремнің бұл күнде жағдайы жаман емес. Сөз соңында айтарым Жәйремге жарқын болашақ, халқына амандық тілеймін.

Жәми ТҰРСЫНБАЕВ,
зейнеткер.

Сәтбаев қаласы.

АҚПАРАТ АРНАСЫ

ЖАҢА IPHONE 14 ТОПТАМАСЫНЫҢ БАҒАСЫ ҚАНША?

Биыл қыркүйекте Apple жаңа ұялы телефондарды таныстыруды жоспарлап отыр. iPhone 14 топтамасының суреті мен бағасы жарияланды, – деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы inbusiness.kz-ке сілтеме жасап.

Жаңа топтамаға 6,1 дюймдік iPhone 14, 6,7 дюймдік iPhone 14 Max, 6,1 дюймдік iPhone 14 Pro және 6,7 дюймдік iPhone 14 Pro Max енген. iPhone 14 ұялы телефондарының бағасы бұрынғы модельдермен салыстырғанда жоғары болады: iPhone 14 базалық моделі – 800 доллар (357 мың 45 теңге, 1 доллар – 446 теңге), iPhone 14 Max – 900 доллардан басталады (401 мың 676 теңге), iPhone 14 Pro – 1100 доллар (490 мың 938 теңге), 14 Pro Max – 1200 доллар (535 мың 568 теңге).

Айта кетейік, iPhone 13 топтамасында ұялы телефондардың бағасы – 700 доллар (312 мың 415 теңге), 800 доллар (357 мың 45 теңге), 1000 доллар (446 мың 307 теңге), 1100 доллар (490 мың 938 теңге). Бұл алдағы уақытта барлық модель 100 долларға (44 мың 631 теңге) қымбаттайтынын көрсетеді.

ДИПЛОМ САТЫП АЛЫП, МЕКТЕПТЕ САБАҚ БЕРІП ЖҮРГЕН МҰҒАЛІМДЕР ҚОМАҚТЫ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Диплом сатып алып, мектепте сабақ беріп жүрген мұғалімдердің қулығы анықталса, қомақты айыппұл салынады, – деп жасады «Адырна» ұлттық порталы.

ҚазАқпарат сауалына жауап берген ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, еліміздің Қылмыстық кодексінің 385-бабына сәйкес жалған құжаттарды жасағандарға 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады.

Сонымен қатар 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығы шектеліп, не сол мерзімге бас бостандығынан айырылуы да мүмкін. Ал жалған құжатты пайдаланғандарға 160 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады.

Ведомство «осы уақытқа дейін қанша мұғалімнің жалған дипломмен сабақ беріп жүргені анықталғанына» қатысты сауалымызға бұл мәселе құқық қорғау органдарының құзырында екендігін атап өткен.

ҚАЗАҚСТАНДА ТҮРУҒА 4 МЫҢҒА ЖУЫҚ ШЕТЕЛДІК РҰҚСАТ АЛДЫ

Жыл басынан бері елімізде тұрақты тұруға рұқсатты 4000-ға жуық иетелдік алды, – деп хабарлайды «Адырна» тілшісі.

Қазақстан қалаларында Ресей мен Украина азаматтарының саны айтарлықтай өсті. Қазақстандықтар арасында ресейліктердің жаппай көшуі елдегі жұмыссыздықты күшейтуді деген пікір кең таралған. Наурыз айының соңында Ресейден Қазақстанға жыл басынан бері 6 300 адам келгені хабарланды.

Адырна
ұлттық порталынан

КӘСІПКЕР АНАЛАР КӨРМЕДЕ

Жыл сайын еңбекке араласып, жеке кәсіптен нәсіп тапқан қыз-келіншектердің саны артып келеді. 2010 жылы елімізде небәрі 73,4 мың кәсіпкер әйел болыпты. 2021 жылғы деректе бизнестегі қыз-келіншектердің саны 587,3 мыңға жеткен. Бүгінде қазақстандық әйелдер мемлекет ЖІӨ-нің 40%-ын қалыптастырып отыр. Елдегі заңды тұлғалардың 26%-ы, шаруа қожалықтарының 17%-ын қыз-келіншектер басқарады. Бүгінде мемлекеттен қолдау алып отырған әйел кәсіпкерлердің үлесі 32 пайыздан асады. Пандемия кезінде әйел адамдар басқаратын кәсіпорындар көп зардап шеккен көрінеді. Дегенмен, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен әйелдер қауымы аталған қиындыққа да төтеп бере білген. Жезқазғанда да кәсіпкер әйелдер саны артып келеді. Олардың ішінде бұрын нарықта жоқ дүниелерді тудырып, жаңа істің ебін тауып жүргендер аз емес. Соның бір дәлелі – Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде ұйымдастырылған «Табысты ана» көрмесі.



Жастар сарайын сауда алаңына айналдырып, өз тауарларын ұсынған кәсіпкер аналарды қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова қошеметпен қарсы алды.

– Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығында қайта даярлау курстарынан өтіп, өз идеяларын ортаға салып бизнес гранттарын ұтып алып жатқан аналар қауымы өте көп. Мұндай бағдарламалар көп балалы аналарға, аз қамтылған отбасыларға арнайы жеңілдіктермен жүзеге асырылады. Жастарға қолдау көрсетуден танған емеспіз. Ерлермен нық тірестіріп, өз білім-біліктеріңізді дәлелдеп жүрген аяулы аналар мен сұлу қыздарға зор ризашылығымызды білдіргім келеді, – деген Зина Жұманазарқызы әйелдердің кәсіпке араласуы ел экономикасын еңселі етіп, жақсы әлеуметтік жағдай мен гендерлік теңдікті қалыптастыратынын атап өтті.

Одан әрі кәсіпкер аналарға қалалық мәслихат депутаты, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің дирек-

торы Светлана Жумкина ақыл-кеңесін айтып, істеріне береке, жұмыстарына сәттілік тіледі.

«Табысты ана» көрмесіне қала бойынша ғана емес, Осакаровка ауданынан Гүлбаршын Зайтжанқызы мен Тоғабай Нұрмұратұлы қатысып, қазақ халқының ұлттық киім үлгілерін паш етті. Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің колонер шебері, музейдің ғылыми қызметкері Сабира Әбдіқадырқызы болса қазақы иба мен арлылық, инәбаттылықтың белгісі болған кимешек үлгілерін пішіп, тігудің қыр-сырын үйретті.

Жұлдызай Әжібекова қыз балаларға арналған қолдан жасалған әшекей бұйымдарымен таныстырса, Ирина Федосенконың қолдан тоқылған қуыршақтары да көздің жауын алды.

Любовь Павлова сортты шегіргүлдер өсірудің амал-тәсілдерін түсіндірсе, Нүргүл Мұханбетжан өзі пісірген жылы-жұмсақ дәмдерін ұсынды.

Былғарыдан және ағаштан жасалған таза бұйымды жасау арқылы

табыс тауып отырған ерлі-зайыптылар Марат Алмағамбетов пен Нәргүл Исмахованың, Ақжан Асанованың қолынан шыққан туындылар да көрме қонақтарын қайран қалдырды.

Қолдан жасалған ойыншықтар мен сөмкелер тоқитын музейдің ғылыми қызметкері Светлана Сефербергovanьң жұмыстары да көргендердің көзін қуантты.

Тоқыма кәсібімен сүйіп айналысатын Аида Айтмұханбекқызы мен «Аналар үйінің» қызметкерлері Гүлмира Ширекенова мен Раушан Төребекова да көрме төрінде болды.

Бірнеше мәрте бизнес грантты жеңіп алып, өз тәжірибесін жастармен бөлісіп жүрген Татьяна Шанерованың кәсібі әрі қызықты, әрі тың бастамалар қатарында. Табиғи жеміс-жидектерді кептіріп, чипсы жасайтын нәзікжанды кәсіпкер тек табиғи өнімдерді тұтынуға кеңес берді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.




МАМЫР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ (Жезқазған уақыты бойынша)

МА-МЫР	Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінті намазы	Ақшам намазы	Құтған намазы
1	Жексенбі	04:30	06:09	13:29	18:32	20:44	22:23
2	Дүйсенбі	04:28	06:08	13:29	18:33	20:46	22:25
3	Сейсенбі	04:26	06:06	13:29	18:34	20:47	22:28
4	Сәрсенбі	04:24	06:04	13:29	18:34	20:48	22:30
5	Бейсенбі	04:21	06:03	13:29	18:35	20:50	22:32
6	Жұма	04:19	06:01	13:29	18:36	20:51	22:34
7	Сенбі	04:17	06:00	13:29	18:37	20:53	22:36
8	Жексенбі	04:15	05:58	13:29	18:38	20:54	22:38
9	Дүйсенбі	04:12	05:57	13:29	18:38	20:55	22:40
10	Сейсенбі	04:10	05:55	13:29	18:39	20:57	22:42
11	Сәрсенбі	04:08	05:54	13:29	18:40	20:58	22:44
12	Бейсенбі	04:06	05:53	13:29	18:41	20:59	22:46
13	Жұма	04:04	05:51	13:29	18:42	21:01	22:48
14	Сенбі	04:02	05:50	13:29	18:42	21:02	22:51
15	Жексенбі	04:00	05:49	13:29	18:43	21:03	22:53
16	Дүйсенбі	03:58	05:47	13:29	18:44	21:04	22:55
17	Сейсенбі	03:56	05:46	13:29	18:45	21:06	22:57
18	Сәрсенбі	03:53	05:45	13:29	18:45	21:07	22:59
19	Бейсенбі	03:52	05:44	13:29	18:46	21:08	23:01
20	Жұма	03:50	05:43	13:29	18:47	21:09	23:03
21	Сенбі	03:48	05:42	13:29	18:48	21:11	23:05
22	Жексенбі	03:46	05:41	13:29	18:48	21:12	23:07
23	Дүйсенбі	03:44	05:39	13:29	18:49	21:13	23:09
24	Сейсенбі	03:42	05:39	13:29	18:50	21:14	23:11
25	Сәрсенбі	03:40	05:38	13:29	18:50	21:15	23:13
26	Бейсенбі	03:39	05:37	13:29	18:51	21:16	23:15
27	Жұма	03:37	05:36	13:29	18:52	21:17	23:17
28	Сенбі	03:35	05:35	13:29	18:52	21:18	23:19
29	Жексенбі	03:34	05:34	13:30	18:53	21:19	23:21
30	Дүйсенбі	03:32	05:33	13:30	18:54	21:20	23:22
31	Сейсенбі	03:31	05:33	13:30	18:54	21:21	23:23

Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.

СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.



КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

7. Табиғи күш, жарқыл. 8. «Ла» истребителінің авторы. 10. Ертегідегі көсе. 11. Жалған сөз таратушы. 12. «...кар» сериал. 15. Әскери киім түсі. 17. Оңтүстік Қазақстандағы тау. 18. Келіннің әкесі. 19. Ағылшын ханымы. 20. Өзеннің терен жері. 24. Сусын. 25. Желловтың досы. 26. Шәкәрімнің баласы. 29. Қазақ батыры. 30. Сатушы құралы. 31. Ішімдіктің түрі. 33. Суретшінің қаламы. 34. Кондитерлік тәтті.

ТІГІНЕН:

1. Ұрлықшы құс. 2. Он бірінші ай. 3. Түйе тұқымдас. 4. 1971-97 Конгоның аты. 5. Білге қағанның баласы. 6. Бразилия футболісі. 9. Спорт киімі. 13. Қаражігітов есімі. 14. От арба. 16. «Я» әріпінің 1918 жылға дейінгі аты. 18. Ассорти деген не? 21. Қалмақ руының бірі. 22. Тропикалық жел. 23. Жігіт есімі. 27. Польша унтер-офицеры. 28. Сөйлемнің түрі. 31. Сапасыз товар. 32. Қазақы сенбілік.

ГАЗЕТТІҢ № 16 (8279) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ:

КӨЛДЕНЕҢІНЕН: 5. Байрақ. 6. Торғай. 10. Саға. 11. Шыңырау. 12. Апат. 13. Матай. 17. Шақша. 19. Қоңырат. 20. Клапан. 21. Қалмақ. 25. Қарабай. 26. Жылан. 27. Ұялас. 30. Жаға. 32. Аялдама. 33. Өзек. 34. Қалайы. 35. Терлік.

ТІГІНЕН: 1. Бала. 2. Араша. 3. Браун. 4. Баба. 7. Шағала. 8. Мылтық. 9. Дамшық. 14. Амилоза. 15. Солақай. 16. Қарағай. 18. Авиация. 22. Атырау. 23. Тамада. 24. Алапес. 28. Бақай. 29. Капри. 31. Арақ. 32. Өрік.

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

ЖӘДІГЕРГЕ АЙНАЛҒАН ЖЕЗ САМАУРЫН

Тарихи деректерге сүйенсек, самаурын ең алдымен Голландиядан Ресейге Петр патшаның алдыртуымен әкелінген. Кейінірек самаурын жасау ісі жақсы дами түседі. Самаурын орыстың «самовар» деген сөзінен шыққан. Қалпы: шар тәрізді, оттықты, қосқұлақты, шүмекті, төрт аяқты, қақпағында бу шығаратын саңылауы бар. Алғашқы самаурындар Оралда Демидов зауытында жасалған. Біраз уақыттан кейін самаурындар өндірісіне Тула кәсіпорындары да қосылды.

Орталық Азия Ресей империясына қосылғаннан кейін самаурындарға деген сұраныс ұлғая түсті. Оған Орталық Азиядағы шай ішу мәдениетінің артуы үлкен себеп болды. Бірнеше ресейлік кәсіпкер Бұкар мен Самарқандта азиялық самаурындардың өндірісін ұйымдастырды. Самаурынды тұрмысқа әкелуші Тула қаласының қару-жарақ зауытының шеберлері Иван мен Назар Лисициндер. Олар 1778 жылы үкімет орындарының рұқсатымен жеке меншіктегі зауыт ашып, тұтынушылар сұранысына ие самаурынды жасай бастаған. Халықаралық көрмелерде жүлде алған фабрика өз жетістіктерін самаурынның қақпағына жазып, үстіне медальдарының суретін басатын болған.

Самаурын Қазақ жерінде XIX ғасырдан бастап қолданысқа еніп, күнделікті тұтынатын қажетті бұйымға айналды. Самаурын – суды отынмен немесе электр қуатымен қайнатуға арналған ыдыс. Су құйылатын резервуардың ішіне металдан іші қуыс оттық орнатылады. Оттық ішіне отын салып, жағу арқылы ішіне құйған, суды қайнатқан. Туладан шыққан осы көне самаурындардың құны бүгінде артпаса, еш кеміген жоқ.

Сол самаурындардың бірі «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи-музей қорығында сақтаулы. Самаурынды Талдысай ауылының тұрғыны Әнуза Қожабаева өткізді. Самаурын сары түсті, жезден жасалған. Өлшемі 52-27 см, жақсы сақталған. Самаурынның



бетінде эмблема, награда суреттері бейнеленген. Самаурын шүмегінің үстіңгі тұсына Тула қаласында шығарылғаны жөнінде шағын ақпарат жазылған.

Қымбат МАҒЗҰМОВА,
«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи-музей қорығының экскурсоводы.

ДҮЙСЕНБІ 9 МАМЫР

QAZAQSTAN

ЖЕҢІС КҮНІ

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Másele». 7:05 «Ұлы дала ұлағаты-2». Д/ф. 7:35 «Ақиқат пен аңыз». Концерт-спектакль. 9:05 «Таусылмас тағзым». Жеңіс күніне арналған концерт. 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Қазақтың қаһарман қызы». Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына арналған концерт. 13:15 «Аладдин». М/ф. 14:50 «Анаға апарар жол». К/ф. 17:05 «Қаһарман қыздар». Д/ф. 17:30 «Көңіл толқыны». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «Атпа». Димаш Құдайбергегеннің концерті. 22:25 «Жат мекен». 23:20 «Әзіл әлемі». 0:20 «Рахымжан Қошқарбаев». Д/ф. 0:45

СЕЙСЕНБІ 10 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер. 6:25 «Көңіл толқыны». 7:40 «Анаға апарар жол». К/ф. 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Аладдин». М/ф. 3:30 «Уақыт жолдары». К/ф. 15:10 «Рахымжан Қошқарбаев». Д/ф. 15:40 Концерт. 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Концерт. 21:30 «Орман иесі».22:25 «Жат мекен». 23:20 «Әзіл әлемі». 0:20 «Қаһарлы күндер». 0:45 «Көңіл толқыны». 1:35 «Жәдігер». 2:00 «Ауылдастар».

ХАБАР

5:00 Кино. «Шырақшы»/Хранитель/. 7:00 «Бауыржан Момышұлы». 9:00 Концерт. 10:45

СӨРСЕНБІ 11 МАМЫР

QAZAQSTAN

5:00 Кино. «Дорога к матери». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Эффект колибри». 12:00 «Шашу». 13:00 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Жена – не стена». 18:00 Мегахит. «Курьер». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Кебене». 22:30 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 0:00 «Сырты бүтін».

ХАБАР

5:00 Кино. «Брат или брак 2». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Неистовый». 12:00 «Алпыстан асып барамын». 13:00 «Қарлығаш ұя салғанда». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. «Туча».

БЕЙСЕНБІ 12 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taisholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Тәуелсіздік тарландары». Д/ф. 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Орман иесі». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq alaň». 1:50 «Теледәрігер». 2:55 «Жәдігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Жена – не стена». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Курьер». 12:00 «Шашу». 13:00 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 15:00 «Боль-

ЖҰМА 13 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taisholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Ынтымақ ауылы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Шырақшы». 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Орман иесі». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:30 «Орман иесі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «Көңіл толқыны». 0:00 «Parasat maidany». 0:35 Aqparat. 1:10 «Ashyq alaň». 2:00 «Теледәрігер». 3:05 «Жәдігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Проявление». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. «Экстрасенсы». 12:00 «Шашу». 13:00 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 15:00 «Бү-

СЕНБІ 14 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:30 Aqparat. 7:05 «Дәуір далалары». Д/ф. 7:50 «Қазақтар». 8:25 «Зинһар». 9:10 «Көңіл толқыны». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 14:00 «Эн мен әніш». 16:20 «Ральф». М/ф. 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». 23:40 «Көңілшар». 0:40 Aqparat. 1:00 «Зинһар». 1:40 «Másele». 2:20 «Күй-керуен». 2:50 «Жәдігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Путешественник. Начало». 7:00 «Көршілер». 8:45 «Әзін-өзі тану». 9:00 «XXI ға-

ЖЕКСЕНБІ 15 МАМЫР

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 6:45 «Күміс көмей». 7:25 «Тауру». 8:00 «Ақсауыт». 8:25 «Сағындырған әндер-ай». Концерт. 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар».14:00 «Ральф». М/ф. 15:45 Концерт. 17:25 «Күй-керуен». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «Арта». 20:40 Деректі фильм. 21:05 Нұрболат Абдуллиннің концерті. 22:25 «Жат мекен». 23:25 «Әзіл әлемі». 0:40 «Арта». 1:30 Деректі фильм. 1:55 «Ақсауыт». 2:15 «Күміс көмей». 3:00 «Жәдігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Больше, чем кино». 7:00 «Көр-

«Ұлы жеңіс – ұрпаққа аманат». Концерт. 1:15 «Ұлы дала ұлағаты-2». Д/ф. 1:45 «Қаһарман қыздар». Д/ф. 2:10 «Жәдігер».

ХАБАР

5:00 Кино. «Спасти Ленинград». 7:00 «Бауыржан Момышұлы». 9:00 «Әсем әуен». Патриоттық әндер жинағы. 10:00 «Ратай Сұлтанбеков» д/ф. 10:45 Кино. «28 панфиловцев». 12:45 «Дала қырандары». 15:15 «Әлия Молдағұлова» д/ф. 16:00 Кино. «Шырақшы»/Хранитель/. 18:00 Мегахит. «Время возмездия». 20:00 «Ер есімі – ел есінде» концерті. 21:35 «Кебене». 0:00 Бір туынды тарихы. «Ана туралы баллада».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20

Мегахит. «Время возмездия». 12:45 «Дала қырандары». 15:15 «Хиуаз Доспанова» д/ф. 16:00 Кино. «Дорога к матери». 18:30 «Майдан хаттары» мерекелік концерті. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Ерекше бақылауда». 20:45 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Кебене». 0:00 Бір туынды тарихы. «Әлия».

АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:30 «Томирис» Х/ф. 15:00 «Место встречи изменить нельзя». 18:30 «Шымкент шоу» концерт. 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:10 «Аким» х/ф. 03:00 «Үздік әзілдер».

18:00 Мегахит. «Ночь в осаде». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Күләш». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 «Сырты бүтін».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:10 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жаңа күн». 15:35 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Астана times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:10 «Ұлым». 03:00 «Айтарым бар». 03:45 «Астана times». 04:40 «Келіндер».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние»,

шая неделя». 16:00 Кино. «Проявление». 18:00 Мегахит. «Экстрасенсы». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Кебене». 22:30 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 0:00 «Сырты бүтін».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:10 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жаңа күн». 15:35 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Астана times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:10 «Ұлым». 03:00 «Айтарым бар». 03:45 «Астана times». 04:40 «Келіндер».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние»,

гін». 16:00 Кино. «Путешественник. Начало». 18:00 Мегахит. «Бешеные». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сутти». 21:35 «Кебене». 22:30 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 0:00 «Сырты бүтін».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:10 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жаңа күн». 15:35 «Келіндер». 17:00 «Кенже». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Астана times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:10 «Ұлым». 03:00 «Айтарым бар». 03:45 «Астана times». 04:40 «Келіндер».

сыр көшбашысы». 10:15 «Tangy fresh». 11:00 Кино. 13:00 «Шашу». 16:00 Кино. «Больше, чем кино». 18:00 Хит жазамыз. 19:15 «Маска» 2 маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистики расследований. Близке к делу». 23:30 «Кебене».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Күлпаңғит хикаялары». 18:45 «Ду-думан». 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Канникулы в Тайланде» х/ф. 01:10 «Астана кеші көңілді». 02:00 Шоу «Ду-думан». 03:00 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:20 «Судағы із».

шілер». 8:45 «Самопознание». 9:00 Концерт. 11:00 Кино. 13:00 «Шашу». 14:00 «Маска» 2 маусым. 16:00 Кино. «Свадьба на тронх». 18:00 Мегахит. «Человек ноября». 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 «Кебене».

АСТАНА

06:00 «Кэбэж». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Бас Лига КВН»-Фестиваль 2022 1/8 финала. 14:40 «Алдараспан». 18:00: «Канникулы в Тайланде» х/ф. 20:00 «SagarTimes». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Кенже» х/ф. 01:30 «Бас Лига КВН»-Фестиваль 2022 1/8 финала. 03:00 «Үздік әзілдер».

«Жеңіс әндері» концерт. 12:10 «Алдараспан». 15:00 «Место встречи изменить нельзя». 19:25 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Қара ниет». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Аким» х/ф. 01:45 «Астана кеші көңілді». 03:00 «SagarTimes». 03:50 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Дау-дамайсыз». 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:20 «Юморина». 11:30 «Неотправленное письмо». 15:30 «Верни мою любовь». 17:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:30 «Зулейха открывает глаза». 23:30 «Сестрѐнка», боевик. 01.10 «Верни мою любовь». 02.00 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар.

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 09.50 Новости. 10.30 «Сестрѐнка», боевик. 12.30 «Зулейха открывает глаза». 14.30 «Самый лучший муж». 15.30 «Верни мою любовь». 17.30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21.00 Вечерние новости. 21.30 «Зулейха открывает глаза». 23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины», боевик. 01.30 «Верни мою любовь». 02.20 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серг пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00

өзбек т/х. 09.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 09.50 Новости. 10.30 «Морские дьяволы. Рубежи родины». 12.20 «Зулейха открывает глаза». 14.30 «Самый лучший муж». 15.30 «Верни мою любовь». 17.30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Зулейха открывает глаза». 23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины». 01.30 «Верни мою любовь». 02.20 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серг пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:20 «Дылды». 10:00 «Женский доктор». 11:20 «Спасти Веру». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Дылды». 17:30 «Женский доктор».

өзбек т/х. 09.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 09.50 Новости. 10.30 «Морские дьяволы. Рубежи родины». 12.20 «Зулейха открывает глаза». 14.30 «Самый лучший муж». 15.30 «Верни мою любовь». 17.30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Зулейха открывает глаза». 23.40 «Морские дьяволы. Рубежи родины». 01.30 «Верни мою любовь». 02.20 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.50-04.20 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серг пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:20 «Дылды». 10:00 «Женский доктор». 11:20 «Спасти Веру». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлпәш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Дылды». 17:30 «Женский доктор».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09.00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 09.50 Новости. 10.30 «Морские дьяволы. Рубежи родины». 12.20 «Зулейха открывает глаза». 14.30 «Самый лучший муж». 15.30 «Верни мою любовь». 17.30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Дау-дамайсыз». 20.35 «КТКweb». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Доктор улитка». 01.15 «Верни мою любовь». 02.05 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03.35 «Дау-дамайсыз». 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:00 «Саяхаттандырылмағандықтарындан». 09:00 «Орел и решка». 11:00 «Исправленному верить. Паутина». 15:00 Реалити-шоу «Моя игра». 15:30 «Ата-ана. Бала-шаға». 16:20 «Пизнесмен Қанат». 17:50 «Зың-зың Күлпәш». 19:30 «Аппак келін». 21:00 Шоу «Маска». 00:00 Х/ф «Мой шпион». 02:00

08.00 «Көңілді отбасы». 08.55 «КТКweb». 09.20 Новости. 10.00 «Смеяться разрешается». 11.30 «Таксистка». 15.20 «Кек», к/ф. 17.00 «Өнерде 40 жыл», Макпал Жүнісованын ән кеші. 20.00 «Ақ мама», реалити-шоу. 21.00 «Большие новости». 22.00 «Задания особой важности. операция «Тайфун». 01.20 «Самый лучший муж». 02.50 «Кек». 04.00-04.20 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:00 «Саяхаттандырылмағандықтарындан». 09:00 «Орел и решка». 11:00 «Исправленному верить. Паутина». 15:00 Реалити-шоу «Моя игра». 15:30 «Ата-ана. Бала-шаға». 16:20 «Пизнесмен Қанат». 17:50 «Зың-зың Күлпәш». 19:30 «Аппак келін». 21:00 Шоу «Маска». 00:00 Х/ф «Мой шпион». 02:00

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07.30 «Өнерде 40 жыл». 09.30 «Юморина». 11.50 «Задания особой важности. Операция «Тайфун», драма. 15.30 «Жарга лайық, жан сәулем», к/ф. 17.20 «Эндер мен жылдар», Құдайберген Бекіштің ән-шашуы. 20.00 «Ақ мама», реалити-шоу. 21.00 «Неотправленное письмо». 00.50 «Самый лучший муж». 02.20 «Жарга лайық, жан сәулем», к/ф. 03.40-04.20 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Гу-гулет». 07:00 «Япырай». 07:30 «Құтты қонақ». 08:00 Jaidarman. 09:00 Шоу «Маска». 12:00 Х/ф «Хоббит. Битва пяти воинств». 15:00 «Саяхаттандырылмаған-

7-АРНА
06:00 «Қуырдақ». 07:20 «Московские тайны». 11:20 «Снег и пепел». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Дылды». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Исправленному верить. Паутина». 22:20 «Шымкент-шоу». 00:00 «Московские тайны». 02:00 «Дылды». 02:30 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08.00 Таңғы жаттығу. 08.05 Документальный фильм. 08.55 «Ән шашу». 09.15 Д/ф «Ұлы жазушылар». 10.20 «Мәшһүк туралы дастан» К/ф. 11.50 Т/х «Асыл арман». 13.00 «За строкой Пoesлания...». 13.15 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 13.45 «Ән шашу». 14.00 «Той койлегі» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.10 Мульти-

«Московские тайны». 13.00 «Шымкент-шоу». 15.20 «Гадалка». 16.20 «Дылды». 17.30 «Женский доктор». 19.30 «Спасти Веру». 19.00 «Студия 7». 21.30 «Аппак келін». 22.30 «Қадам». 23.20 «Московские тайны». 01.20 «Гадалка». 01.30 «Айбат». 02.30 «Тамаша». 03.30 «Япырай». 04.00 «Айна-online». 05.00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08.00 «Веселая разминка». 08.05 Документальный фильм. 09.00 «Ән шашу». 09.30 Т/х «Бактер». 10.05 «Қазак вавилоны» Д/ф. 10.30 «Телебалапан». 10.45 Мультифильм. 11.00 Д/ф «Турар Рысқұлов». 11.55 Т/х «Асыл арман». 13.05 «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің концерті. 14.05 «Балбал» Д/ф. 14.35 «Семнадцать мгновений весны» 7-серия. 16.00 «Еске алу».



Бұл – галым, ақын, драматург, аудармашы Кенжебай Ахметовтің екінші көркем фильмінің атауы. Киноөнеріндегі тырнақалды дүниесі саналатын «Наза» көркем фильмінің алғашқы қойылымы Нұр-Сұлтан, Жезқазған қалаларында болып, көрермендерден оң бағасын алған болатын. «Неге солай?» фильмінің түсіріліп бітіп, «көрермендерге жол тартуға әзір» деген хабарды естігеннен бері көпшіліктің қойылымды тамашалауға асыққанын білеміз. Сол күннің сәті түсті. 28 сәуір күні Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде «Неге солай?» фильмінің алғашқы қойылымы өтті.

«НЕГЕ СОЛАЙ?»

Республикамыздың маңдайалды әншілерінің репертуарынан берік орын алған, ән өлкесіне қадам жасаған жарынды жас әншілеріміздің де бойтұмарына айналған «Неге солай?», «Кездесу», «Ана туралы баллада», «Әке туралы ой» т.б. сияқты ойлы, сырлы, тылсымы терең әндердің, Ұлытау-Жезқазған өңірінің гимн-әніне айналған «Ұлытау (Туған ел)», «Жезқазған маршы», «Жезкиік» туындылардың авторы, композитор, әнші Жаксыкелді Сейіловтің өмірі мен өнерін дәріптеуге арналған шаралардың қолға алынып келе жатқанын білеміз. Атап айтқанда, қалалық әкімшіліктің қолдауымен Жақап тұрған үйге ескерткіш тақтаның орнатылуы, композитордың туған күніне орайластырылып Жезқазғанда, Теректі ауылында бірнеше концерттердің берілуі, ҚР еңбек сіңірген әртісі Б.Көшеновтің Жаксыкелді әндерінен құрылған «Кездесеміз, жүздесеміз біз дейміз» атты концертінің өтуі, Ж.Сейілов атындағы «Өнер өлкесінің Жезкиігі» атты республикалық эстрадалық әндер конкурсының өткізілуі, Ә.Жәмпейісовтің танымдық кітабының жарық көруін жан әлеміндегі жазбаларды ән тіліне түсірген ғажайып сазгерге деген құрмет деп бағалаймыз. Жақанды біз емес, музыка әлемінің даңқты өкілі Нұрғиса Тілендиевтің өзі оның қанға бітті дарынын бағалап кеткені де белгілі. Алғашқыда «Туған ел» деп аталған әнді тыңдаған Нұрғиса Тілендиев: «Мынау әннің атауы «Ұлытау» болсын. Ұлытауға

арнап бұдан артық ән жазылмас», - деген екен. Ақын Сайлаухан Нәкеновтің сөзіне жазылған Жаксыкелді ағамыздың «Ұлытау» әні – бүгінде ұлы тау сияқты асқақ, ұлық елі сияқты биік. Кенжебай Ахметовтің «Неге солай?» көркем фильмі – осы танымал композитор Жаксыкелді Сейіловтің балалық шағы жайлы сыр шертетін туынды. Уәли мен Ақбаланы ғана емес, ауыл адамдарын қуанышқа бөлеп, сүйіншілетіп дүниеге келген торсық шекелі баланың жарық дүние, шыққан күн, тамылжыған табиғатқа деген сүйіспеншілік көзбен қараған бақытты сәті көпке ұзамады. «Не өзін аламын, не көзін аламын» деп түре тиген шешек дерті балғын баланың бақытын қараңғы түнекке қамап тастағандай еді. Фильмді көріп отырып: «Жанжағына қорған боп жүрген Жаксып ақсақал, өгейлігін көрсетпей, «өзімнің балам» деп бауырына басқан шеше, адал достары, қайырымды мектеп директоры т.с.с. сияқты зағип баланың қолтығынан демеген жандар болмаса, Жаксыкелдінің өмірі қандай соқпаққа түсер еді» деген сауалға еріксіз тірелесіз. Автордың да айтпағы – осы. Дәлірек айтсақ, осындай сауал туындағанда отырып, «қам көңіл жанның әлемін жүдетіп, жасытпайтын, көңілін түнектен күнесте шығаратын, тар жерде тіреу болатын күш бар: ол – жақсы адамдардың жанашырлығы» деген ой. Иә, қайырымды жандардың алақанынан жылу алған бала

Жаксыкелді үлкен өмірге жанары да бар, жаркылы да бар жандарша жасқанбай жол тартты. Рас, көңіліне қаяу түсірген сәттер де болды. Бірақ ол Жаксыкелдіні жасыта алмады. Қысқасы, көрермен фильмнен көп ой түйіп қайтты. «Адамның күні адаммен» деген осы екен-ау» деген ой еді бұл. Айта кетейік. Фильмнің сценарийін жазған да, режиссері болған да, оның монтаждау, дыбыстау жұмыстарына жетекшілік еткен де Кенжебай Ахметовтің өзі. Фильмді түсіру жұмысына қаржылық демеу көрсеткен – Жезқазған қаласының әкімдігі. Фильмде ойнағандар – Серке театрының әртістері, жезқазғандық әншілер, басым көпшілігі қарапайым еңбек адамдары мен мектеп оқушылары. Фильмнің қойылымынан кейін Жезқазған қаласының әкімі Қ. Әбсәттаров құттықтау сөз сөйлеп, авторға сый-құрмет көрсетті. Жақандың туыстары атынан сөз алған Ә. Омаров пен Е. Сағыбалдин ат мінгізді. Құттықтау сөз сөйлеп, пікір білдіргендердің айтқаны бір ұсыныс болды: ол – «Неге солай?» фильмінің екінші сериясын түсіру керек деген ой. Жаксыкелдісін ұмытпаған, Жаксыкелдісін ұмытпайтын елге ол қуаныш та нәсіп болар.

Ғазиз ЕШТАНАЕВ, көрермен.

Бидай еккен елдің берекесі кетпейді

«Ас атасы – нан» деген екен данышпандарымыз. Ал, нанның атасы – бидай. Ұлытау ауданының Егінді ауылы негізінен бидай егін, елдің берекесін арттырған жер екенін аймақ халқы жақсы біледі. Содан да болар шағын ғана ауыл болса да берекенің бастауы дерліктей үлгі істері аз емес. Соның біреуі ретінде Қазақстан халқының бірлігі күні ұйымдастырылған шараны айтуға болады. Сол күні ауыл жанындағы көкжиекпен астасып жатқан жазық алаңда киіз үйлер тігіліп, салтанатты сахна құрылып, тойдың дабыры алысқа кетіп жатты.

Жақын орналасқан Алғабас, Қаракенгір ауылдарынан осы тойға деп арнайы ат жаратып жеткен тойшылар қауымы егінділіктер құшақ жая қарсы алды. Шараның салтанатты ашылуында алдымен аудан әкімінің орынбасары Жомарт Бөгаев сөз алып, жиналғандарды мерекемен құттықтай келе ұлттық ат спорты фестиваліне табыс тіледі. Бұл тойдың демеушілері егінділіктердің өздері. Яғни, қазір ауылда тұрып жатқаны бар немесе еліміздің түпкір түпкірінде жүргені Егіндінің ер-азаматтары туған жерлерінде «Аламан бәйге» атымен өткелі жатқан салтанатты сайысқа қаржылай немесе басқадай да көмек көрсетті. Жүлделі орындарға тігу үшін жылқы, сиыр, қой малдарын атап, оларын сыйлық қорына қосқандар да болды. Осындай көпшіліктің көмегімен өткізілген жылында осы ауылдан шығып түрлі жетістіктерге қол жеткізген азаматтар да жүрек жарды тілектерін айтты. Атап айтқанда Жезқазған қаласы әкімі аппаратының жетекшісі Жасұлан Бұралхин, «Аманат» партиясы Жезқазған қалалық филиалының хатшысы Кенгірбай Смағұлұлов. Тойға арнайы келген қонақтар атынан қарама-қарсы кәсіпкер Қуат аға сөйлесе, жасы тоқсанға таяп отырған Егіндінің абыз ақсақалы Манат Смағұлұлы жиналғандарға бағасын берді. Түскі астан соң көрермендер көптен күткен ат жарысы да басталып кетті. 22 ат қосылған 25 шақырымдық аламан бәйгеде Қоныс Әлібек тақымдаған Кенгірбай Қазыбаевтың (Егінді) аты мәре сызығын бірінші болып аттап, жүлдеге тігілген тай мен жетпіс мың теңге көлеміндегі ақшалай жүлдені иеленді. Ал, Бақтияр Ералы мінген Ербол Тәшөвтің жүйрігі екінші келіп, тай мен елу мың теңгені еншіледі. Үшінші орын Бегалы Нұрдаулет тізгіндеген Жұмаш Баймұратовтың бәйге атына бұйырып, қанжығасына тайынша мен отыз мың теңгені байлады. Төртінші орын шабандозы Арғын Шахназ болған Досым Баймышевтың жүйрігінің еншісінде, жүлде қоры сексен мың теңге.



Қошқар көтеруден Даулет Кенжебай жеңіске жетіп, салмағы 100 келіге тартатын қошқар ұтып алды. Екінші орынды яғни, ұтысқа тігілген тоқты мен отыз мың теңгені Қалдыбек Махмұтұлы иеленді. Үшінші орынға берілген туша мен жиырма мың теңгенің ұтысы Аманжол Қазыбаевтың еншісіне бұйырды. Биылғы жылдың бір ерекшелігі аймағымызға қарасты әр ауылда осындай ат спорты мен қазақтың ұлттық спорт түрлерінен жарыстардың көптеп өтуі.

Қай ауыл болмасын бұл шараны жоғары деңгейде ұйымдастыруға бар күш-жігерлерін салауда. Жүректері елім, жерім деп соққан ел азаматтары қайда жүрсе де өз туған жерлерінде өткізіліп жатқан осындай игі істерге бір кісідей жұмылып, жомарттықтарын танытып, қолдау көрсетіп

жүргендері қуантады. Жұмыла көтерген жүктің жеңілдігі деген осы емес пе?! Осылайша бидай еккен елдің берекесі кетпейтін тағы бір дәлелдеген егінділіктердің «Аламан бәйге» фестивалі жоғары деңгейде өтіп, көптің көңілінен шықты.

Ә. КЕНЖЕ

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Whatsapp** әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырыңыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

Қадірлі оқырман!

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!

Whatsapp 8(701)-118-88-08